

ӘЛЕМ НАЗАРЫ

АУҒАНСТАНДА



Бүгінде бүкіл әлем назары Ауғанстанға ауып тұр. Қырық жылға жуық уақыт соғыс жағдайында өмір сүріп жатқан Ауғанстан тағдырының осылайша басқаша бағыт алуына Америка құрама штаттары мен Солтүстік альянс елдерінің өз әскерлерін елден шығаруы себеп болды. Ағымдағы жылдың 1 мамырында басталған бұл әрекеттің соңы міне, тәліптердің қайта бас көтеріп, күш алуына алып келді. Бүгінгі таңда Ауғанстанды басқару ісі билікті тәліптерге беретін уақытша кеңестің құзырына ұсынылып отыр.

(Соңы 3-бетте)



АТА ЗАҢ – АЙБАРЫМЫЗ

6-бет



ТҮПСІЗ ТҰҢҒИЫҚ

8-бет

СӘТІ ТҮСКЕН СҰХБАТ

Бауыржан ДОСҚАРАЕВ, педагогика ғылымдарының докторы, спорт зерттеушісі:

«СПОРТТАҒЫ КӨРСЕТКІШ ЖҰМСАЛҒАН АҚШАҒА САЙ ЕМЕС»

– Бауыржан Мелдебекұлы, Қазақтың Спорт және туризм академиясының жанындағы А.Иванов атындағы спорт ғылыми-зерттеу институтын басқарған ғалымсыз. Ал елімізде осындай институтты ұлттық деңгейде құрып, жұмыс істету мүмкін бе?

– Спорттың ұлттық деңгейдегі ғылыми-зерттеу институты Қазақстанда жоқ. Оны бәрі біледі. Мұндай институтты құру тек жобаларда, жоғары жақтағы қағаздарда ғана бар. Спортты ғылыммен байланыстыра отырып дамытудың оң нәтиже беретінін озық елдер тәжірибесінен аңғару қиын емес. Бізде оған ешкім көңіл аудармай келеді.

– Олимпиада ойындары қарсаңында құрылып, жұмыс істейді деп айтылып жүрген кешенді ғылыми топтар жайынан хабарыңыз бар ма?

– Кезінде жоғары мінбеден Олимпиада қарсаңында Қазақстанда бір емес, ондаған ғылыми топтың құрылғаны туралы айтылды. Ол шындыққа сай келмейді. Көз алдау үшін айтылған өтірік мәлімдеме.

(Соңы 5-бетте)

АЛТЫН КӨПІР

Әкімшілік әділет құрылымының қолданысқа енгізіліп, жаңа жүйеге сай жұмыстың басталғанына көп болған жоқ. Қазіргі уақытта жаңадан ашылған әкімшілік соттар әкімшілік талап арыздарды қарауда.

Осы уақыт ішінде Маңғыстау облысында 90-ға тарта талап арыз түсті. Апелляциялық тәртіпте қаралғаны жоқ, ал бірінші сатыда қаралған талап арыздардың ішінде 16 іс кері қайтарылған, 2 іс бойынша медиациялық келісім жасалған.

Сотқа келген азаматтар ішінде жаңа заңның артықшылығын байқағандар жоқ емес. Азаматтар сотта өз талабының дұрыстығын дәлелдеп жатпайтыны, дәлелдеу ауыртпалығы мемлекеттік органға жүктелетіні біршама жеңілдік тудыратынын айтуда. Бұл ретте соттар да мәлімделген талаптармен шектеліп қалып жатқан жоқ. Талап арызбен жүгінген әр азаматқа арыздағы талаптарын дұрыс көрсетуге, тіпті оның түрін өзгертуге дейін көмектесіп, тараптарға көмек ретінде жекелеген құқықтық мәселелер бойынша алдын ала өз пікірін білдіруде. Мұндай артықшылықтар қарапайым азаматтардың құқығы мен бостандығын қорғауды еселеп арттырады сөзсіз.

ЖАҢА КОДЕКС:

ӘКІМШІЛІК ТАЛАП АРЫЗДАРДЫ ҚАРАУДЫҢ ПРАКТИКАЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Сондай-ақ соттар әр тарапқа татуласу мүмкіндігін ұсынуды, шығарылған сот шешімдерінің орындалуын бақылауды назардан тыс қалдырған емес. Судьялар заң нормаларын қолданудың бірыңғай практикасын қалыптастыру мақсатында тұрақты түрде семинарларға қатысып, түрлі талқылаулар өткізіп келеді.

Жақында Ақтау қаласында Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты «Орталық Азия елдеріндегі құқықтық мемлекеттілікке жәрдемдесу» GIZ өңірлік бағдарламасының қолдауымен санитарлық-эпидемиологиялық нормаларды сақтай отырып, «ӘРПК: әкімшілік талап арыздарды қараудың практикалық мәселелері» тақырыбында семинар өткізді.

Іс-шараға ҚР Жоғарғы Соты жанындағы Сот-

тардың қызметін қамтамасыз ету департаменті басшысының орынбасары Елдос Жұмақсанов, Маңғыстау облыстық сотының төрағасы м.а. Ержан Қарабаев, әкімшілік істер жөніндегі алқа төрағасы Исатай Сматав, Берлин қаласы әкімшілік сотының судьясы Йорг Пуделька, Каспий университетінің профессоры, заң ғылымдарының докторы Роман Подопригора қатысты.

Талқылауға Жоғарғы Соттың судьясы Аслан Түкжиев, Резекне (Латвия) қаласы әкімшілік сотының төрағасы Станислав Линкевич, Берлин қаласы әкімшілік сотының судьясы Штефан Гроскурт, сондай-ақ Батыс Қазақстан, Ақтөбе, Атырау облыстарының судьялары онлайн форматта қатысты.

(Соңы 2-бетте)

ТАЛИБАН ҮКІМЕТІНІҢ БИЛІККЕ КЕЛУІ КӨРШІЛЕС ЕЛДЕР СЯСАТЫНА ҚАЛАЙ ӘСЕР ЕТЕДІ?

Расул ЖҰМАЛЫ, ҚР Президенті жанындағы Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің мүшесі, саясаттанушы:

– Ауғанстанда «Талибанның» билік басына келуі көршілеріне ғана емес, бүкіл аймаққа өз әсерін тигізуде. Әзірше тікелей қауіп жоқ. «Талибанның» өкілдері де көрші елдермен татулықты сақтауға мүдделі екенін жариялап үлгерді. Олар қазір көбіне Ауғанстанның өз ішіндегі шаруалармен айналысып жатыр. Сондықтан оның келеңсіз әсері қашқындар мен босқындар болып отыр. Салмақ көбіне көршілес өзбек, қырғыз, тәжіктерге түсіп жатыр. Босқындармен бірге экстремистік топтардың еніп кетуі және есірткі мен қару-жарақ контрабандасының қаупі бар.

Ұзақ жылдар бойы азаматтық соғыс жүріп жатқандықтан біздің Ауғанстанмен кең көлемді байланысымыз жоқ. Ол бұрын да болмаған.

Ауғанстан билігіне Талибан қозғалысының өкілдері келді. Бүкіл әлемнің назарын аударып отырған бұл тарихи кезеңнің ерекшелігі неде? 40 жылдан бері соғыстан көз ашпай келе жатқан елде қандай өзгерістер орын алмақ, жаңа биліктің келуі көршілес елдер саясатына қалай әсер етеді?

лық келісімдерді қалай сақтайтынына байланысты.

Өз кезегінде, Қазақстан Ауғанстанмен тату көршілік қатынастарды жалғастыруға, бұл елмен саяси, сауда-экономикалық байланыстарды практикалық негізде дамытуға дайын.

Зарема ШАУКЕНОВА, ҚР Президенті жанындағы Қазақстан стратегиялық зерттеулер институтының директоры:

– Қазақстан Ауғанстандағы жағдайға қатысты, атап айтқанда, Ауғанстанда биліктің ауысуының заңдылығын мойындау және «Талибан» жетекшілерінің елдің жаңа басшылығы ретіндегі мәселе бойынша бейтарап саясат ұстанады. Қазіргі жағдайда Қазақстан Ауғанстандағы шиеленісті барынша тез тұрақтандыру мен бейбіт жолмен шешуді жақтайды.

Ауғанстандағы ахуалдың одан әрі дамуы көп жағдайда елдің жаңа үкіметіне, атап айтқанда, олардың халықаралық міндеттемелер мен мемлекетаралық келісімдерді қалай сақтайтынына байланысты.

(Соңы 3-бетте)

Мемлекет басшысының халыққа арнаған жыл сайынғы жолдауларында сот жұмысын жетілдіруге жіті назар аударылатынын байқау қиын емес. Бұл заңды да. Себебі соттың абыройын мемлекеттің абыройынан бөліп қарай алмаймыз. Сот – елдегі әділдіктің, қауіпсіздіктің, тазалықтың көпірі. Онсыз мемлекетте даму болмайды, халықтың ертеңге деген үмітін үкілеп, болашаққа батыл жоспар құруының алғышарты да осы үш көпірмен тікелей байланысты.

ХАЛЫҚ КӨҢІЛІНЕН ШЫҚҚАН ЖОБА ӨМІРШЕН

Жолдауда берілген тапсырмалар сот құрылымын өсірді, дамытты, халықаралық межеге жақындауына ықпалын тигізді. Ал биылғы жылы қолданысқа енгізілген Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекс сол реформалардың маңыздысы, шоқтығы биігі. Елімізде бүгінге дейін қылмыстық, азаматтық, әкімшілік құқық бұзушылықтар бойынша сот ісін жүргізудің 3 түрі қарастырылған болса, жаңа заңның қолданысқа енгізілуі құқық қорғаудың төртінші түрі – билік органдарымен дауда ең әлсіз тарапты қорғауға бағытталған әкімшілік әділет құрылымын іске қосумен есте қалды.

Мемлекет басшысының бұл мәселеге көңіл бөлуі бекер емес. Оны жария-құқықтық даулар бойынша бұған дейін сотта қаралған істерге қарап байқауға болады. Шын мәнінде елімізде мемлекеттік органдар жұмысына көңілі толмай, шағымданғандар саны аз болмаған. Керісінше, жыл өткен сайын шағым саны өскен. Алайда, сол даулардың 80 пайызынан көбінде әкімшілік органдар басым түскен екен. Әрине, бұған дейін мұндай істердің Азаматтық процестік кодекс шеңберінде қаралғаны, соған орай соттың екі тарапқа тең қарағаны белгілі. Мұндайда басымдық кімнің дәлелі анық әрі көп болса, соның пайдасына шешіліп келген еді. Сондықтан өз заңгері, құқықтық кеңесшілері бар мемлекеттік органдардың сотта жеңіліс таппағаны қалыпты жағдай. Бұл қарапайым азаматтардың өзінің мүмкіндігіне, құқығының қорғалатынына күмәнін көбейтті, сотқа деген сенімін азайтты. Ал жаңа кодекс осы олқылықтың орнын толтырып отыр.

Әкімшілік әділет институты дамыған елдер тәжірибесінде бұрыннан бар. Бұл құрылым салтанат құрған елдерде мемлекеттік, әкімшілік органдар жұмысының сапасы жоғары, халық пен билік арасындағы байланыс бір ізге түскен. Яғни, жария-құқықтық дауларды таразылауда біз үлгі ететін, тәжірибесіне сүйенетін озық елдер баршылық. Оның үстіне, Қазақстан әкімшілік әділетті енгізу жұмысына үлкен дайындықпен келді. Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасына орай еліміздің Жоғарғы Соты мен Әділет министрлігі бірлесіп, Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекстің жобасын үлкен ізденіспен жасады. Жария-құқықтық дауларды қарайтын жаңа соттарды жасақтау ісіне, оларда қызмет ететін судьяларды іріктеуге үлкен мән берілді. Бұдан бөлек судьялардың біліктілігін көтеру, тәжірибесін шыңдау бағытында да ауқымды іс-шаралар қолға алынды.

Заң мен жобаның өміршең болуы – халықтың қолдауына байланысты. Осыны ескере отырып, жаңа заңның артықшылығын, жаңа соттардың мақсат, міндетін түсіндіруге айрықша назар аударылды. Бүгінде Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекстің жанашылдықтары жан-жақты насихатталуда. Азаматтар кодексте ел мүддесі, халық талабы басты орынға қойылғанын білуі керек. Өйткені, мұнда жеке тұлғаларды өз құқығын қорғауға, мемлекеттік органдар тарапынан орын алған заңсыздыққа қарсы шығуға ынталандыратын заңды тетіктер толық қамтылған. Ал әкімшілік орган дегеніміз тек мемлекеттік органдар емес, оның ішінде жергілікті өзін-өзі басқару органдары, мемлекеттік заңды тұлғалар, адвокаттар алқасы, нотариустар мен сот орындаушылар да бар. Себебі олардың шығарған актілері де мемлекеттік заң күші бар құжат болып табылады.

Жария-құқықтық қатынастардан туындайтын дауларда азаматтар мен кәсіпкерлер әкімшілік органдардың шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) қарсы дау айтып, өз құқығын қорғай алады. Сонымен қатар, кодексте мемлекеттік органның жеке және заңды тұлғаларға қарсы талап арыз бере алмайтыны бекітілген. Әрі енді сотта дәлелдер жинау, өз кінәсіздігін дәлелдеу мемлекеттік органдарға жүктеліп отыр. Бұл да болса қарапайым азаматтар мүддесін ойлағаннан өмірге келген онтайлы өзгеріс.

Жаңа заңда судьяға жаңа өкілеттік беріліп, құзыреті кеңейген. Соған орай судья азаматтың талап арызын қалыптастыруға, дұрыстауға, әкімшілік процеске қатысушылардың ұсынған дәлелдеме, әкімшілік істің өзге де материалдарымен шектеліп қалмай, өзі қажет деп санаған деректерді жинауға, әкімшілік істің нақты және заңды тұстарына жататын құқықтық негіздемелер бойынша өзінің алдын ала құқықтық пікірін айтуға құқылы.

Гүлім МҰҚАНОВА,
Алматы қаласы мамандандырылған
ауданаралық әкімшілік сотының судьясы

ЖАҢА КОДЕКС: ӘКІМШІЛІК ТАЛАП АРЫЗДАРДЫ ҚАРАУДЫҢ ПРАКТИКАЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Жиында Аслан Тукиев тиімді әкімшілік әділет пен сот төрелігіне қолжетімділік мемлекеттік басқарудың, сенімді инвестициялық ахуал мен заң үстемдігінің негізгі құрамдас бөлігі болып табылатындығын атап айтты.

Жалпы, әкімшілік әділет жүйесі Еуропа елдерінде жарты ғасырдан да көп уақыттан бері тиімді қызмет етіп келеді. Сондықтан білікті мамандардың озық тәжірибелерімен бөлісу – уақыт талабы. Йорг Пуделька Германиядағы қалыптасқан тәжірибе негізіндегі әкімшілік сот өндірісіндегі талап арыздардың түрлеріне тоқталды. Станислав Линкевич әкімшілік құқықтық құрылымның негізгі сұрақтарына және соттың белсенді рөлі принципін, Штефан Гроскурт әкімшілік істердің соттылығына тоқталды.

Әкімшілік сот ісін жүргізуді мамандандырылған аудандық және оларға теңестірілген әкімшілік соттар жүзеге асырады. Сондай-ақ азаматтар тұрғылықты жері бойынша аудандық соттарға да жүгіне алады. Бірінші саты сотымен келіспеген тараптар облыстық және оларға теңестірілген соттарға апелляциялық тәртіппен шағымданады. Әкімшілік істер жауапкердің орналасқан жері бойынша, ал, электрондық құжат нысанында шығарылған әкімшілік акт талап қоюшының тұрғылықты (орналасқан) жері бойынша қаралады.

Егер жауапкер бірнешеу болса, талап қою жауапкерлердің біреуінің орналасқан жері бойынша берілуі мүмкін. Осы бапқа сәйкес іс соттылығына жататын бірнеше сот арасындағы таңдау талап қоюшыға тиесілі болады. Моральдық зиянды өтеу туралы талап азаматтық сот ісін жүргізу тәртібімен қаралатыны заңмен көзделген.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі – қазақ тілі. Ертеңгі күнге көз жүгірте білетін көріпкел ұлт өз тілінің тағдырын ойлауға міндетті. Тіл жоқ жерде, ұлт болмайтынын небір зиялылар тектен-текке айтпаған. Сондықтан да тіл – қай ұлтта, қай елде болса да қастерлі, құдыретті. Тіл байлығы – әрбір елдің ұлттық мақтанышы. Демек, әр адам ана тілін көзінің қарашығындай қорғауы тиіс.

Елбасымыздың «Мемлекеттік тілді білмейінше, мемлекеттік органдарда, қызмет көрсету саласында, құқық қорғау органдарында немесе сот саласында жұмыс істеу мүмкін болмайды» деген сөзі бүгінгінің және келешектің нақты ұстанымы екендігін сөзсіз. Тіл мәселесі ұлт рухани-атының алтын қазығы болғандықтан, оған Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаевтың өзі



Енді соттың белсенді рөлі туралы айтатын болсақ, ҚР ӘРПК-тің 16-бабына сай, әкімшілік сот ісін жүргізу соттың белсенді рөлі негізінде жүзеге асырылады. Сот әкімшілік процеске қатысушылардың түсініктемелерімен, арыздарымен, өтініш-хаттарымен, олар ұсынған дәлелдермен және әкімшілік істің өзге де материалдарымен шектеліп қоймай, әкімшілік істі дұрыс шешу үшін маңызы бар барлық мән-жайды жан-жақты, толық, объективті түрде зерттейді. Судья әкімшілік істің нақты және заңды тұстарына жататын құқықтық негіздемелер бойынша өзінің құқықтық пікірін айта алады.

Жиын барысында әр тақырыптан соң қатысушылар қызу талқылауға белсенді қатысып, сұрақтар қойып, оған жауап ала алды. Бұл тақырыптар жаңа заңға сүйеніп іске кіріскен біздің судьялар үшін үлкен жаңалық деуге болады.

Жалпы жаңа заңды қолдануда, әкімшілік істерді қарауда түрлі қиындықтар болатыны айқын. Азаматтар сотқа дейінгі шағым

беру тәртіптерін сақтамауы мүмкін. Жоғары тұрған органдарды анықтау, лауазымды тұлғаны анықтау, заңның қолдану аясының шегін сақтау, соттылығы бойынша мәселелер, одан өзге де қаншама даулы сұрақтар мен мәселелер кездеседі. Судьялар осындай қиындықтарға дайын болуы керек және тиімді шешім қабылдай алуға тиіс. Дәл осындай семинар, басқосулар әлі де реттелмеген мәселелерді талқылауға арналған ашық алаң бола алады.

Білікті спикерлер мазмұнды түсіндірулер мен судьяларға жаңа кодекстің нормаларын қолдануда тәжірибелік көмек көрсетіп отырса, нұр үстіне нұр. Биылғы ең маңызды реформаның тиімді жұмыс жасап, үлкен қолдау табуы соттардың атқарған жұмыстарына тәуелді.

Айжан МОЛБАЕВА,
Маңғыстау облыстық
сотының судьясы,
БАҚ-пен байланыс жұмысын
үйлестіруші

ТІЛГЕ ДЕГЕН ЖАНАШЫРЛЫҚ ӨЗІМІЗДЕН БАСТАЛАДЫ



У.ХАЙРУЛЛИНА,
Батыс Қазақстан облысы
мамандандырылған
ауданаралық экономикалық
сотының судьясы

ерекше мән беріп отыр. Ал Мемлекет басшысына қолдау көрсету – абыройлы міндет.

Сот саласына келер болсақ, сот ісін жүргізу тілі құжаттардың сотқа қай тілде берілуіне байланысты. Әрбір азамат істі өзінің ана тілінде немесе өзі білетін басқа тілде жүргізуді талап етуге құқылы. Сондай-ақ азаматтар өздері білетін басқа тілде мәлімдеме жасау, түсініктер мен жауап беру, өтініш білдіру, шағым жасау, іс материалдарымен танысу, сотта сөйлеу және кодексте белгіленген тәртіппен аудармашының қызметін тегін пайдалану құқығына ие.

Азаматтық процестік кодекстің 14-бабында «Сот ісі мемлекеттік тілде жүргізіледі, ал қажет болған жағдайда сот ісін жүргізуде мемлекеттік тілмен қатар орыс тілі немесе басқа тілдер бірдей қолданылады» деп көрсетілген. Осы бапта, сондай-ақ «Азаматтық сот ісін жүргізу сотқа талап арыз берілген тілге қарай белгіленеді» деп көрсетілген. Ендеше, отандық соттарда мемлекеттік тілде

қаралатын істердің аз болуы азаматтардың өзіне, тілге деген құрметіне байланысты деп сеніммен айтуға болады.

Әрбір адам өз ана тілін білуге және мемлекеттік тілді меңгеруге міндетті. Батыс Қазақстан облыстық соты мен аудандық және оған теңестірілген соттарда мемлекеттік тілдің қолданылуын кеңейту мақсатында көптеген іс-шаралар өткізілуде. Қазақ тілін оқыту курстары, үздік аудармашыларды анықтау бойынша байқаулар жиі ұйымдастырылып тұрады. Мұның бәрі тіл білуге деген қызығушылықты арттыраы ақиқат.

Қорыта келгенде, Қазақстанда қазақ тілінің мәртебесін, оның құзыретін іс жүзінде нығайту мәселесі, өкінішке қарай, әлі күнге өзектілігін жойған жоқ. Әр қазақ мемлекеттік тілге жанашырлықпен қарап, ұрпағын қазақша сөйлетуге тырысқанда ғана мемлекеттік тілдің мерейі үстем болмақ.



COVID-2019

КАРАНТИН КЕДЕРГІ ЕМЕС

Коронавирус инфекциясының таралуы бүкіл әлемді әбегеғе салды. Индет барлық елдің дамуын тежеп, жоспарын түбегейлі өзгертті. Мұндай төтенше жағдай кезінде азаматтардың денсаулығын сақтау, індеттің таралуын тежеу мәселесі басты орынға шықты. Соған сәйкес тіршілік ырғағы өзгеріп, барлық салада қауіпсіздік шараларын сақтауға жіті мән берілді. Соның ішінде қазақстандық сот та бар. Карантин талаптарына орай сот алаңдарындағы жұмысқа да өзгеріс енгізілді. Басты меже халықтың қауіпсіздігін қамтамасыз ете отырып сот отырыстарын дер кезінде өткізуге бағытталды. Мәжбүрлі шара болғанымен, бұл тығырықтан сот саласы қиындықсыз шыға білді. Мұндай сындарлы сәтте жаңа технология жетістіктерін жетік меңгерудің пайдасы тигенін айта кеткен орынды. Өйткені сот саласына заманауи технология жаңалықтарын енгізу үрдісі республика судьяларының V съезінен бастау алған

болатын. Бұл кезде Елбасы жаңа технологияға ашықтық пен жариялылықтың, жеделдік пен қолжетімділіктің көпірі ретінде қарап, сот ісін жандандыруда заманауи жетістіктерді пайдалануға кеңес бергені есімізде. Содан бері сот мәжіліс залдары дыбыс-бейнежазу құрылғыларымен қамтамасыз етіліп, бейне-конференц байланыс арқылы шалғайдағы куәгерлерден жауап алуға қадам жасалды. Кіріс-шығыс құжаттары, азаматтардың арыз-өтініші, талап-тілегі «Сот кабинеті» бірегей терезесі арқылы онлайн қабылданып болды. Осындай жүйелі жұмыстың нәтижесінде істерді онлайн қарауға судьялар тез бейімделді. Әрі карантин кезінде жедел шешім қабылдап, жұмысты ақсатпаған сот ұжымының еңбегін Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев та оң бағалады. Бұл судьялар қауымының жанкешті жұмысына берілген өділ баға.

Қ.ДАРХАНОВА,
Алмалы аудандық сотының судьясы
АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Оның құрамында ұлттарды мәмілеге шақыру кеңесінің жетекшісі Абдулла Абдулла мен бұрынғы президент Хамид Карзай бар. Президент Ашраф Гани елді тастап кетті. Тәліп билігінің елдегі жағдай тұрақталады деген уәдесіне қарамастан, мыңдаған ауғанстандық елден кету үшін әуежайға ағылып жатыр. Бүгінде олардың жерден көтерілгеніне қарамастан ұшақтарға жанталаса ұмтылып жатқан бейнетаспалары ғаламторды шарлап, түрлі ой-пікірлерге арқау болуда. Олардың қайткенде елден шығып кетуге тырысуы, онда қалудан гөрі, ұшаққа жабысып көтерілуден болатын өлім қаупін артық көруі билікке келіп жатқан жаңа күш жайлы көп нәрсе айтатындай. Жалпы Ауғанстанның өз халқы ғана емес, тұтас әлем жұртшылығы бұл құбылыстан іш тартып отырған жайы бар. Мұның әрине себебі билік басына келген жаңа күштің табиғатында, ұстанымында, әрекеттерінде жатқаны анық.

Тәліптердің басты мақсаты – бір кездері болған Ауғанстанның ислам халифатын құрып, сүннет шаріғатының, ислам заңының қатал заңымен басқарылатын тәртіпті қайта орнату. Радикалдық исламның бұл формасы әйелдерді ел алдында өлтіру, олардың жұмыс істеу, көшеге бетті ашып және ер-азаматтың қорғауынсыз шықпау секілді барлық құқықтарын шектеуді көздейді. Талибан сонымен қатар сайлауға да, қоғамды демократиялық жолмен басқарудың өзге формаларына да қарсы. Біріккен Ұлттар Ұйымы Ресей және бірқатар елдер Талибанды лаңкестік ұйым ретінде санайды. НАТО-ның бағалауы бойынша оның құрамында 85 мыңға жуық жауынгер бар. Бұл бұрынғыдан әлдеқайда көп.

Жалпы әлемдік ақпарат көздері таратып жатқан деректерге сүйенсек, тәліптер бұған дейін, яғни, тоқсаныншы жылдары билік басында болған еді. Олар алғаш құрылған жылы Ауғанстанның оңтүстік-шығысында Кандагар қаласын әскери тұрғыда бақылауға алған болатын. Онан соң олар тағы 12 қаланы оккупациялап, 1996 жылы ел астанасы Кабулды басып алған. Астананы алғанға дейін сарбаздық құрылым болған радикалды ұйым Ауғанстанның Ислам халифатын құрып, дербес мемлекетінің дүниеге келгенін хабарлады. Оның жетекшісі Мохаммад Омар деген молда болды. 1998 жылға қарай тәліптер Ауғанстанның 90 пайызға жуық аумағын бақылауға алды. Олардың үкіметін Пәкістан, Сауд Арабиясы, Біріккен Араб Әмірліктері мойындады.

Тәліптер басқарған жылы шаріғатқа негізделген конституциялық жүйе қолданысқа енгізілді. Адам өлтірушілер мен зинакорлар өлім жазасына кесіліп, үкім сотсыз, адамдардың көз алдында орындалды. Ұрлығы ашылғандардың қолы кесілді. Еркектер сақал өсіруге, әйелдер дәстүрлі паранжа киюге міндетті болды. Бұл талапты орындамағаны үшін еркектер 6 айға дейін түрмеге отырып, әйелдер соккыға жұғылды. Телевидение, фотография, музыка және киноға шек қойылды. Қыздарға тек он жасқа дейін мектепке баруға рұқсат етілді. Ислам мемлекетін сынау сатқындық болып есептеліп, бірден өлім жазасына тартылды.

Елдің қалған 10 пайызы ауғандық моджахедтердің негізін қалаушылардың бірі, 80 жылдары кеңестік оккупацияға қарсы күрескен президент Бурхануддин Раббани басқарған Солтүстік Альянстың бақылауында

болды. Нақ осы Раббаниді халықаралық қауымдастық заңды президент ретінде санады. Солтүстік Альянс қалған аумақтан айрылып қалмас үшін «Талибанға» қарсы күрес жүргізіп, бірақ ақырында оппозицияның қоластында тек Панджер аңғары қалды. Бұл аумақты 90-шы жылдардың соңында тәліптерге қарсы күресте елеулі рөл атқарған дала командирі Ахмад Шах Масуд бақылады. 2001 жылдың көктемінде Шах Масуд Брюссельдегі Еуропалық Парламентте сөз сөйлеп, Ауғанстанға көмек сұрады. Ол тәліптер мен Аль-Каиданы сынап, олардың исламды дұрыс тәсірлемейтін ниеттерін айыптай келе Америкаға леңкестік әрекет дайындалып жатқанын айтты. Осы жылдың қыркүйек айында Масуд өлтірілді. Осыдан екі күн өткеннен кейін «Аль-Каида» және «Талибан» Нью-Йорктегі Дүниежүзілік Сауда Ұйымы мен Вашингтондағы ақ үйге шабуыл жасап, онда 3000 адамға ажал құштырды. Америка құрама штаттары лаңкестік әрекет үшін айыптаған Усама Бен Ладеннің жетекшілігіндегі «Аль-Каида» лаңкестік ұйымы тәліптер бақылауында болған аудандардан әрекет жасаған. Мулла Омар Усама Бен Ла-

бара жатқанын айтып дабыл қағуда. Жасалып жатқан болжамдар көп. Соның ішінде бұл елге жақын жатқан Орталық Азия елдеріне айтарлықтай қауіп төнетінін айтып жатқан сарапшылар аз емес. Мәселен ресейлік сарапшы Алексей Леонковтың мәлімдеуіне қарағанда, Иран, Пәкістан және Үнді елдеріне еш алаңдамауға болады. Өйткені, олардың қарулы, білікті және саны көп әскері бар. Қиындықтар Қырғызстан, Тәжікстан, Өзбекстан елдері үшін туындауы мүмкін. Десе де қандай жағдайда болмасын лаңкестік қауіп бар. Ресей Қорғаныс министрі бұл тұрғыда алаңдаушылық танытып, оқулар өткізе бастаған. Қазақстандық саясаттанушылар да осындай пікірде. Олардың айтуынша, Тәжікстан, Түркіменстан

миграция, есірткі тасымалы, экстремистік мәселелерін тудыруы мүмкін. Тоқ етерін айтқанда, Қазақстанға жақын аймақ болғандықтан алаңдауға толық негіз бар. Бұл жекелей және ұжымдық қауіпсіздік шараларын күшейтуді қажет етеді. Тәуекелді жағдайлардың алдын алу, тосқауыл қою тұрғысынан Қазақстан көршілес мемлекеттермен ықпалдаса отырып тиісті шаралар қабылдауы керек. Бұл жайында Мемлекет басшысы тиісті кеңес өткізді. Қазіргі таңдағы тағы бір мәселе – Ауғанстандағы қазақстандықтарды аман-есен елге қайтару, қауіпсіздігін қамтамасыз ету қажеттігі. Жалпы Ауғанстан билігіне жаңа күш келді. Ұнасын, ұнамасын, онымен санасу керек. Өйткені, ол әлеуеті зор саяси жүйе. Сондықтан дипломатиялық тұрғыда өзара қауіпсіздік, өзара тұрақтылықтың кепілдемелерін жасаудың дайындығына кірісу керек.

Бұған қарсы тәліптерден соңшалықты қауіптенудің еш қажеті жоқ деген пікір де бар. Мәселен, тарихшы ғалым Хангелді Әбжановтың айтуынша, бұл тәліптер осыдан жиырма жыл бұрынғы тәліптерге еш ұқсамайды. Бірақ қайсы болса да, олар өзге елдің жерін жаулап алуға бейіл болмаған. Олардың мақсаты өздерінің қалауымен, дәстүріне сай дамуға қол жеткізу, дербес ел болу. «Адамзат баласы дамудың екі-ақ жолын біледі. Олар табиғи ырғақты даму және біреудің өктемдігімен өркендеу. Кеңес әскері 1979 жылы кіргеннен бүгінге дейін ауғандықтар өзінің табиғи даму үрдісінен айырылып қалды. Бұл елдің соғысты көріп жатқанына 40 жыл болды. Онда өмірге соғысты күнкөрістің қамы ретінде түсінетін ұрпақ келді. Бұл соғысқа итермелеген кеңес өкіметі. Оған кіріп, 2 млн ауғанды қырып тастады. Сөйтіп олардың қалыптасқан салтын әбден талқандап, коммунист етіп, партияға қабылдағысы келді. Бұған қалай төзсін? Олардан кейін Америка келді демократия құрамыз деп. Бұл олардың ашу-ызасын тудырды. Иә, бұлардың кезінде тым асыра сілтеп жібергені бар. Байқауымызша олар соның бәрінен қорытынды шығарды. Мұны алғашқы қадамдарынан-ақ байқап тұрмыз. Мысалы Президентінің қантөгіссіз кетуіне мүмкіншілік жасады. Оның алдында ел басшысын аяғынан асып тастаған болатын. Кеткісі келгендерді жазалап жатқан жоқ. Бұған қарағанда тәліптер енді мемлекетті басқаруға саликалықпен кірісетін сияқты. Сондықтан меніңше, халықтың шын қалауын орындап, елді ұстай алса, лаңкестік әрекетке бармаса, Ауғанстан өз жолын табады. Қазір бұл елге коммунизмнің де керегі жоқ, социализмнің де керегі жоқ, бұларға өздерінің ғасырлар бойы қалыптасқан өмір салты керек» деген еді Әбжанов мырза.

Ал, біздегі деструктивті дін өкілдеріне тигізуі мүмкін ықпалына қатысты егер тәліптер сол бағытта жұмыс істесе, әрине қауіптенуге болатынын, бірақ қазір олар өздерінің проблемасын шеше алмай жатып, Қазақстанның, Өзбекстанның, Тәжікстанның ішкі ісіне араласа алмайтынын, бұған күштері жетпейтінін айтты. Саясаттанушы Дос Көшімнің пікірі де осындай сипатта болды. Оның айтуынша, бұл еш таңғалатын жағдай емес. Америка демократия, әділет ор-

натқысы келді. Олар үшін бұл дұрыс шығар. Бірақ жергілікті халықтың өз тандауы, қалауы бары анық қой. Сондықтан Американың ұтылатыны бесенеден белгілі болатын. «Мен бұл жөнінде кезінде тарих бәрін өз орнына келтіреді деп талай айтқанмын. Өйткені, оларды зорлықпен басып, жаншылды. Мұндай әрекеттің ақыры сәтсіздікке ұрындырады. Бұл мәселе көптен пісіп-жетіліп, жауынгерлердің қолдауына ие болды, бюджеті қалыптасты. Осы жиырма жыл ішінде қоғамда үлкен өзгеріс болды. Ауғандықтар басқыншы ел тұрған уақытта әділетті сайлау болмайтынын түсінді. Ауғанстанның басқа елге ықпал жасағанын ешқашан көрмеппін. Ол көрші тұрған елдің Президент сайлауына араласып, экономикалық санкция жасаған емес. Бұған Қытай араласты дейді кейбір сарапшылар. Қытай еш уақытта басқа елдің саясатына бас сұқпайды. Оның Ауғанстанда тек экономикалық мүддесі бар» деген еді ол. Десе де Көшім мырза Қазақстанда деструктивті діни күштерге бақылаудың күшейтілуі керек дейді. Оның айтуынша, бұл ретте радикалды діни көзқарастағы, топтардағы адамдарға бақылау жасалғаны жөн.

Төліптердің билікке келуі саяси ойын деген де болжамдар жоқ емес. Мысалы, бізге берген түсініктемесінде дінтанушы-ғалым Кеңшілік Тышқан бұл белгілі бір мемлекеттердің келісімі арқылы жүзеге асқан саяси акт деген ойын ортаға салған еді. Оның пайымдауынша, қарулы күштер коалициясының кіргізілмей, қалалардың бейбіт жолмен басып алынуы, билікті басып алу процестерінің тездетілуі күдік тудырады. Оның астарында белгілі бір мемлекеттердің мүдделері жатуы әбден мүмкін. Осы әрекет арқылы олар Орта Азияда тағы бір қақтығыс жасап, оның аумағындағы елдерге ықпалын жүргізуді көздеп отыруы мүмкін. Мұның бәрін әрине уақыт көрсетеді. К.Тышқан да бұл ретте босқындарға қатысты қауіптену бөлісіп, осындай жандардың төрт-бес жыл бұрын Түркиядағы кейбір қақтығыстарға себеп болғанына назар аудартты. Сирияда ДАИШ мәселесі қозғалған кезде елден бас сауғалап қашқан 15-16 млн. босқының 4 миллионы Түркияға тоқтағаны белгілі. Тәліптерге қатысты да осындай жағдайлар орын алып, ол болашақта қақтығыстарға әкелуі мүмкін. Бірақ оны біз үшін трагедиялық қауіп деу ертерек. Дегенмен, алдын ала қауіпсіздікті қамтамасыз ету керек.

Ауғанстандық студент Хашими Саид Абдулхадимен де тілдесудің мүмкіндігі туған еді. Оның сөзіне қарағанда, тәліптердің билігі халықты орта ғасырлық деңгейге бірақ түсіреді. Ең қорқыныштысы олар ешкімді аямайды. Сондықтан өз басы және өзге де осында оқып жатқан ауғанстандық студенттер Ауғанстанға баруды қаламайды. Егер алда-жалда тәліптер уәдесінде тұрып, дамудың өркениетті жолына түссе, өздерін маман ретінде қабылдауға дайындығын білдірсе, бастарының амандығына кепілдік берсе шешімдерін өзгертуі мүмкін. Жалпы, олармен елдегі беделді тұлғалар, бірлестіктер, халықаралық ұйым өкілдері бір үстел басына жиналып, осы тұрғыда келісім жасасуы керек.

Айша ҚҰРМАНҒАЛИ
«Заң газеті»

ОЙТАЛҚЫ

(Соңы. Басы 1-бетте)



Расул ЖҰМАЛЫ, ҚР Президенті жанындағы Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің мүшесі, саясаттанушы:

– Көбіне саяси, дипломатиялық байланыстар. Сол жерде біздің елшілігіміз бар. Алайда кең ауқымдағы сауда, экономикалық байланыс бар деп айта алмаймын. Бәрі түсінікті себептермен шектелген. Ауғанстанға көмек жасау бойынша Қазақстан шама-шарқынша бірқатар жобаларды көтерген болатын. Астық жеткізу, мамандар дайындау секілді. Қазір енді жағдайдың қалай өрбитіні ең алдымен Ауғанстанның өзіне байланысты. «Талибан» өз жауапкершілігін қаншалықты сезінеді, жағдай ары қарай қалай өрбиді, елді тыныштандыра ала ма? Екінші, «Талибан» қозғалысы біреуге ұнасын, ұнамасын ол қазір Ауғанстандағы нақты күш. Онымен санасу керек. Келіссөздер жүргізу, уағдаластықтарды қарастыру мәселесінде бірқатар елдерде террористік ұйым саналғанымен көптеген мемлекеттер «Талибанмен» келіссөздер жүргізіп жатыр. Оны АҚШ та, Ресей де, Қытай да жүргізді. Меніңше Қазақстан да осы жағдайды ойластыруы керек. Қоғамның бірқатар бөлігі қолдап отырған «Талибанның» зор әлеуеті бар. Егер қолдау болмаса 30 млн халқы бар елде осылай билікке оңай келмес еді. Оның артында тек қана қару-жарақ емес, өзге де күш бар. Онымен келіссөз өркениетті дипломатиялық жолмен шешілгені дұрыс.

ТАЛИБАН ҮКІМЕТІНІҢ БИЛІККЕ КЕЛУІ КӨРШІЛЕС ЕЛДЕР СЯСАТЫНА ҚАЛАЙ ӘСЕР ЕТЕДІ?

Зарема ШАУКЕНОВА, ҚР Президенті жанындағы Қазақстан стратегиялық зерттеулер институтының директоры:

– Сонымен бірге, саяси турбуленттілікті ескере отырып, Қазақстан мен Ауғанстан арасындағы экономикалық ынтымақтастықтың төмендеуі мүмкін екенін атап өткен жөн.

Қазақстанның Ауғанстанмен тауар айналымы шамамен 622 миллион АҚШ долларын құрайды, оның 99%-дан астамын қазақстандық экспорт, бірінші кезекте астық, ұн, мұнай өнімдері құрайды. Бұл ретте

Қазақстанға импорт шамамен 2 миллион АҚШ долларын құрайды, бұл негізінен жемістер мен көкөністер. Сондай-ақ, елдегі саяси ахуал қалай дамығанына қарамастан, Ауғанстан болашақта қазақстандық өнімді қажет етеді. Бұған қоса, екі ел арасындағы сауда көлемі, оның ықтималды төмендеуі бірінші кезекте ауған тарапының төлем қабілеттілігіне байланысты болатынын ескеру қажет.



Сауалнаманы дайындаған Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ, «Заң газеті»

ПАЙЫМ

РЕФОРМАЛАРДЫҢ МАҢЫЗЫ ЗОР

Еліміздің сот төрелігінде сүбелі жұмыстар жүргізіліп, ауқымды реформалар іске асырылуда. Мұндай игі істердің басында Елбасы мен Мемлекет басшысының тұрғаны талассыз. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты жолдауында сот және құқық қорғау жүйесіндегі күрделі реформалар – азаматтарымыздың құқықтарын қорғаудың және олардың қауіпсіздігін күшейтудің негізгі факторы екенін ерекше атап көрсетті. Ең бастысы, сот қызметіндегі ашықтық пен жариялылықтың нәтижесінде халықтың күн өткен сайын сотқа деген сенімі артуда.

Одан бөлек, сот төрелігін дамыту мақсатында дайындалған «Сот төрелігінің жеті түйіні» жобасының да орны бөлек. Бүгінде осы «Жеті түйін» бойынша жүктелген тапсырмалар өзінің оң нәтижесін көрсетіп үлгерді. Шоқтығы биік «Мінсіз судья» жобасына сәйкес судья лауазымына үміткерлерді іріктеу күшейтілді. Себебі, судья азаматтардың өмірі сын таразысына түскен сатыда ақ пен қараны ажыратып, әділдіктің туын құлатпауы тиіс. Сондықтан, болашақ

судьяларға талаптың күшеюі, біліктілікті талап ететін күрделі сынақтардың бекітілуі құптарлық.

«Үлгілі сот» негізінде соттарда адвокат, медиаторға арналған кабинеттермен жабдықталған құқықтық қызмет көрсету орталықтары, фронт-кенселер ашылды. Осылайша сотқа келушілер уақыттары мен қаржыларын үнемдеп, барлық қажетті деген қызметті «бір терезе» қағидаты арқылы жылдам әрі сапалы алуға қол жеткізді.

Сот жүйесінде «Әділ процесс», «Оңтайлы орта», «Сапалы нәтиже» бойынша да атқарылған игілікті жұмыс жетерлік. Ал, «Е-СОТ» бағытында сот қызметін цифрлық жүйеге көшіру жұмыстары қарқынды түрде қолға алынды. Сот отырыстары толықтай дыбыс-бейнежазба құрылғыларын қолданумен өткізіліп, әрбір отырыс «тайға таңба басқандай» таңбаланады. Бүгінде сот төрелігінің санаулы уақыт ішінде автоматтандырылғаны сондай, сотқа тараптар үйде немесе түзде жүріп-ақ ғаламтордың көмегімен талап арыздарын беріп, қозғалысын алыстан бақылай алады. Бұл сот ғимараттарындағы кеңсе алдындағы кезектің артта



Қаржау БОЗШАГУЛОВ,
Ақтау қаласы әкімшілік
құқық бұзушылықтар
жөніндегі мамандандырылған
сотының төрағасы

қалғанын көрсетеді. Мұндай заманауи технологиялар өтпелі кезеңнің көшін қаңтармай, жүгін аудармай, яғни пандемия кезінде де жоғары дәрежеде қызмет көрсетуге мүмкіндік берді.

Судьялардың VIII съезінде Мемлекет басшысының өзі пандемия кезінде еліміздің сот жүйесі күрделі сынақтан

ПӘРМЕН



ҚАЗЫҒА ҚЫСЫМ
ЖАСАУ ЗАҢҒА ҚАЙШЫ

Сот алаңы – ақ пен қара анықталатын орын. Сондықтан сот құрылымына қойылатын талап та, жауаптылық та жоғары. Еліміздің бас құжаты – Ата Заңымыздың 77-бабы 1-тармағында: «Судья сот төрелігін іске асыру кезінде тәуелсіз және Конституция мен заңға ғана бағынады» десе, 2-тармағында: «Сот төрелігін іске асыру жөніндегі соттың қызметіне қандай да болсын араласуға жол берілмейді және ол заң бойынша жауапкершілікке әкеп соғады» деп нақтыланған. Яғни, Конституциямызда соттың мәртебесі де, міндеті де шегеленіп көрсетілген. Алайда, Ата заңда айқындалған осы талапты сақтай бермейтіндер де бар. Әсіресе, ғаламтор әлемге үстемдік еткен бүгінгідей заманда әлеуметтік желідегі ақпараттық қысымға тосқауыл қою қиындай түсті. Бұл мәселе былтырғы жылы елорда төрінде өткен республика судьяларының VIII съезіндегі басты тақырыпқа айналды.

Судьялар одағының әр төрт жыл сайын өтетін мәртебелі басқосуына қатысқан Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев: «Кейбір журналистер мен блогерлердің жағдайды ушықтырып, тергеу әлі жүріп жатқан, сот құзырына жетпеген істер бойынша судья шешіміне ашық ықпал етуге тырысатыны байқалады. Ақпарат құралдарының ашықтығы мен жариялығын сотқа қысым жасау үшін қолдануға болмайды. Әділ сот тек сот залында және тек сот процесінің қорытындысына сай шығарылуы керек» дей келе, сотқа қатысты пікір айтқанда ішкі сүзгінің болуы керектігін алға тартқан еді.

Расында соңғы жылдары жекелеген судьяларды сынай отырып, бүкіл сот құрылымының жұмысын жокқа шығару белең алды. Сын шын болса, дерек нақты болса, одан сот жұмысына зиян жоқ. Керісінше, уәжі мықты сын кемшілікке жол берген судья үшін ғана емес, барша қазыларға үлкен сабақ болар еді. Өкінішке қарай, көпшілікке тараған ақпараттарда сот саласын жандандырып, судьялар қателігін болдырмасaq деген жанашырлықтан гөрі, жеке бастың қызғушылығы басым тұрады. Төрелік алаңында таразыланып жатқан іске нүкте қойылмай тұрып байбалам салатындардың, тырнақ астынан кір іздейтіндердің көздегені әділдік, тазалық емес. Тек соны халыққа түсіндіру, шындыққа сендіру қиын. Өйткені, азаматтардың көпшілігі бірінші жарияланған ақпаратты дұрыс, шын деп қабылдайды. Содан болар, екінші жақтың нұсқасы қанша жерден сенімді, дәлелді болып тұрса да оған мән бермейді. Бүкіл құрылымға қатысты теріс көзқарас содан қалыптасады.

Дегенмен, сотқа қатысты айтылған сын, ескертпенің барлығы жауапсыз қалмайды. Әрі мұндай мәселелер алдағы уақытта туындамау үшін Жоғарғы Сот тарапынан кешенді шаралар қолға алынған. Ең алдымен сот пен судьялар жұмысындағы олқылықты болдырмауда жаңа технология жетістіктерінің көмегі көп. Осыны ескере отырып республикамыздың бүкіл сот мәжіліс залдары дыбыс-бейнежазу құрылғыларымен жаракталанған болатын. Бұл бастаманың пайдасы мол. Сот отырыстары толық бейнетаспаға жазылатындықтан сот жұмысін, судьяларды негізсіз сынауға жол берілмейді. Соның нәтижесінде судьялардың іс-әрекетіне арыздану азайғаны белгілі.

Қазақстандық соттың ашықтық, жариялылық принциптерін басшылыққа алаатыны белгілі. Қазір Жоғарғы Соттан бастап, барлық аудандық соттардың әлеуметтік желілерде өз парақшалары бар, азаматтар зуре-сарсаңға түспес үшін соттарға ұялы телефон нөмірлері бекітілген. Мұның барлығы көкейдегі сауалға көп күттірмей жауап алудың кепілі.

Әр сотта бұқаралық ақпарат құралдарымен байланысты үйлестіретін судья, баспасөзге жауапты мамандар бекітілген. Олар кез келген қоңырауға жауап беріп, әлеуметтік желідегі сын-ескертпелерді назардан тыс қалдырмайды. Бұл да ашықтықтың, азаматтармен ашық тілдесуге дайын екеніміздің нақты дәлелі. Тек көпшілікке ақпарат ұсынғалы отырған азаматтар тексерілмеген, күмәнді ақпарат үшін, жала жапқаны үшін заңдық тұрғыдан жауаптылық барын қаперінде ұстаса дейміз.

А.ИХЛАСБАЙҚЫЗЫ,
Жетісу аудандық №2 сотының судьясы
АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ

КӨКЕЙКЕСТІ

СОТ АКТІСІН ДҰРЫС ТҮСІНДІРУ
ШЕБЕРЛІККЕ БАЙЛАНЫСТЫ

Қылмыстық заңның ең басты мақсаты – адамның құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін қоғамға қауіпті қолсұғушылықтан қорғау, құқық-бұзушылықтардың алдын алу. Аталған мақсаттар қылмыстық процесс барысында іске асырылып, нәтижесінде заңды және негізделген үкім шығарылуы тиіс. Сот процесінің маңызды бөлігі – сот жарыссөзі, онда прокурор мен адвокат сөз сөйлеп, судьялардың істің ақиқатын анықтауына, үкім шығаруына көмектеседі. Іс жүзінде сот процесі аяқталу мен қорғау тұрғысынан сот тергеуінің қорытындысын шығаруға және сотқа істің нақты және заңды мән-жайларын жаксы түсінуге көмектеседі.

Сот жарыссөзі кезінде судья сот тергеуінің барысында өз бағасын прокурор мен адвокат берген бағалармен салыстырып, шындықты іздеу жолын ойша талдайды. Алайда, процестің басты фигурасы судья екенін естен шығармайық. Ол істің барлық материалымен, куәлардың айғақтарымен, айыптаушы мен қорғаушының ұстанымдарымен танысқан соң, түпкілікті және әділ, нақты дәлелденген үкім шығаруы тиіс. Шешім қабылдаған кезде судья заң мен ар-ожданды басшылыққа ала отырып, үкімнің әділдігіне



Ұлан КНПБАЙ,
Медеу аудандық №2 сотының судьясы

күмән тудыруы мүмкін түсініспеушілікті болдыртпауы керек. Осы мақсатта судья сот отырысының барлық қатысушыларына өз ұстанымын түсіндіруі тиіс. Ол үшін судья шешендік өнерді дұрыс меңгергені жөн.

Шешендік өнер судьяға көпшілік алдында сөз сөйлеу кезінде объективті дәлелдерді келтіріп, адамдардың құқықтық санасына әсер етуге мүмкіндік береді. Ол істің мән-жайын

сылған «Түнгі сот» пилоттық жобасының да сот төрелігінде алар орны ерекше. Жоба шеңберінде ӘҚБтК-нің 610-бабымен, 73, 73-1, 73-2-баптары бойынша отбасылық-тұрмыстық құқықтық қатынастар, ӘҚБтК-нің 517-бабымен шетел азаматтарына қатысты көші-қон заңнамасы саласындағы істер қаралады. Сотқа түскен материалды адамдардың жұмыс уақытынан тыс, яғни кешкі уақытта өткізіп, сол күні қарау тараптарға тиімді. Мәселен, ағымдағы жылы Ақтау қаласының әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған сотында «Түнгі сот» пилоттық жобасы бойынша барлығы 18 іс қаралды. Ағымдағы жылдың 6 айында 2017 (2020 ж. 6 айда - 2582) әкімшілік іс түсіп, 2006 тұтқа қатысты 2006 әкімшілік құқық бұзушылық іс қаралған. Өткен жылымен салыстырғанда өңірде әкімшілік құқық бұзушылық істер азайған. Сондай-ақ, БАҚ пен әлеуметтік желі арқылы соттар мен қоғам арасында тұрақты диалог орнап, тараптардың тарапынан қойылатын нақты сұрақтарға жедел жауап беру жолға қойылды.

Қорыта айтсақ, халық игілігі үшін сот төрелігінде қолға алынған мұндай игілікті жобалар өзінің өміршеңдігін көрсетіп, халықтың сотқа деген сенімін арттырары сөзсіз.

терең және объективті талдау, қылмыстық немесе азаматтық қақтығыстың себептерін көрсету қабілетінен көрінеді. Сондай-ақ, судья ойын жеткізу кезінде тілдік құралдарды дәл табуы керек, өйткені сөйлеудің кемелдігі сөйлеушіге, демек, сотқа деген сенімнің қалыптасуына ықпал етеді. Сонымен қатар, сот шешендігі сөйлеудегі дәйектілік, сендіру қажеттілігімен байланысты, ал пайымдаудың ең маңызды ерекшелігі – дәлелдеме, яғни, сөйлеудегі барлық ережелер дәлелді болуы керек. Анықтау, дәлелдеу және сендіру – бұл сот шешендігінің ішкі мазмұнын анықтайтын өзара байланысты үш функция, олардың нәтижесі – дәлелді үкім.

Жоғарғы Сот төрағасы Жақып Асановтың сот актілерін дайындау жүйесін жетілдіруді еске салып, әріптестеріне бірнеше рет жүгінгені белгілі. Еліміздің бас биінің бұл мәселенің маңыздылығына назар аударып: «Сот актісі – сот төрелігі, зор күш-жігердің, эмоцияның және қаржының нәтижесі. Сот актісі адамға түсінікті болуы керек. Өйткені біз оны адамдар үшін істейміз, адамдар үшін шығарамыз. Сот актісі судья құзыретінің көрсеткіші болып табылады, сондай-ақ, сот билігінің имиджі» деуі тегін емес.

АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ

БІТІМ

ДАУДЫ ШЕШУДЕН БҰРЫН
ДАУҒА ЖОЛ БЕРМЕУДІ ОЙЛАУ КЕРЕК



М.ТОЛТАНОВ,
Жаңаөзен қалалық сотының судьясы

Қазақстанның сот саласы жыл өткен сайын жұмысын жандандырып келеді. Тәуелсіздік алған уақыттан бері сот билігін тәуелсіз, пәрменді етудің барлық мүмкіндігі қарастырылды. Осы жылдар ішінде қолға алынған бастамалардың барлығы азаматтардың сотқа деген сенімін нығайтуға, сот процесіріндегі әуре-сарсаңды азайтуға бағытталды. Жаңа заңдарды дайындаған кезде де халықтың мүддесі, елдің игілігі басты орынға қойылды.

I шілдеден бастап қолданысқа енгізілген Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексті (ӘРПҚ) сот саласына ғана емес, қоғамның санасына сілкініс жасаған заң дегеніміз дұрыс. Осы құжат арқылы мемлекеттік органдар реттейтін ішкі әкімшілік рәсімдердің тәртібін, әкімшілік іс жүргізу процедуралары мен тәртібін қамтамасыз ету көзделіп отыр. Бүгінде жаңа кодексті басшылыққа

алған жаңа соттар әр өңірде өз жұмысын бастады.

Әкімшілік соттар мемлекеттік, әкімшілік арасында мен жеке және заңды тұлғалар арасындағы жария-құқықтық дауларға әділ төрелік етеді. Яғни, енді жеке сот орындаушыларының, салық, кеден, жер, тұрғын үй, мемлекеттік сатып алу саласындағы шешімдер мен әрекеттерге (әрекетсіздікке) қатысты арыздар жаңа әкімшілік соттарда таразыланып, соңғы нүктесі қойылады. Ал азаматтар мемлекеттік органдарға қатысты талап-тілегін сот арқылы қорғауы үшін жаңа Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекстің артықшылығын білуі, жаксы түсінуі тиіс. Құқықтық тұрғыдан сауаты жоғары адам талабын батыл айтып, заңға сәйкес қадам жасайды. Осыған орай бүгінде жаңа заңның мақсат-міндетін, негізгі басымдықтарын жұртшылыққа түсіндіру бойынша ауқымды жұмыстар атқарылууда.

Жаңа заңды қабылдағанда тек әкімшілік әділет институтын жандандырып, жария-құқықтық дауларды сапалы шешудің ғана мақсат етілмегені белгілі. Мұндағы басты мүдде – заң арқылы мемлекеттік органдар жұмысын реттеу, азаматтарға көрсетілетін қызметтің жеделдігін, мінсіздігін қалыптастыру, жария-құқықтық даулардың алдын алуға бағытталғаны ақиқат. Кез келген мемлекет заңдар мен кодекстерді құқықбұзушылықтардың жолын кесіп, әділдікке қол жеткізу үшін ғана емес, осындай келенсіздіктерді алдын алу, болдырмау мақсатында шығарады. Осы тұрғыдан алғанда Әкімшілік рәсімдік-про-

цестік кодекстің «Халық үнін еститін үкімет» ұстанымымен үндесетінін, ел мен мемлекеттік қызмет арасындағы байланысты нығайтуға, өзара ашық диалог орнатуға бағытталғанын атап өткен жөн.

Әкімшілік іс жүргізудің жаңа тәртібі талапкердің өз құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау процедурасын едәуір жеңілдетеді. Себебі заңда дәлелдеу жүктемесі жеке тұлғаларға емес, жауапкерге, яғни мемлекет орғанға жүктелген. Ал бұған дейін басты принцип – сот процесіндегі қос тараптың құқығын тең етті. Сондықтан кім өз сөзіне сотты сендіре алса, кім көбірек құжат ұсынса, таразының басы соған тартты. Мемлекеттік органдардың бұл мүмкіндікті мүлті жібермегені мәлім. Қарапайым азаматтардың құжат жинаудығы қолының қысқалығы көп жерде өз ұстанымын мойындатуға кедергісін тигізді. Осының салдарынан жеке тұлғалар құзырлы орындар қызметінің сапасына көңілі толмаса да, өз құқығын заңмен қорғауға құлшыныс танытады. Сондықтан жаңа заңға сәйкес, сотта өз пікірін дәлелдеу, дәйектер ұсыну міндетінің мемлекеттік орган өкілдеріне жүктелуі қарапайым халыққа өте тиімді. Бұл бұдан былай жария-құқықтық даулардың көбеюіне, азаматтардың өз мүддесін қорғауға ынталандыруға игі ықпалын тигізері талассыз. Бұған қоса, бұл жаңашылдық мемлекеттік, әкімшілік орган жұмысын жандандыруға, қызметкерлердің өз ісіне ұқыптылықпен қарап, азаматтар пікірімен санасуына көмектеседі деген ойдамыз.

МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Қазақстанда тек үш топты қалыптастыруға жететін маман бар шығар. Бұған қоса, мұндай кешенді ғылыми топтар Олимпиадаға төрт не жарты жыл қалғанда жұмысын бастауы керек еді. Ал бір ай қалғанда құрылған топ қандай жұмыс атқарып үлгеруі мүмкін? Бұл да бір көзбояушылықтың көрінісі.

– **Токио Олимпиадасынан қандай қорытынды жасауға болады?**

– Олимпиада біткеннен кейін реабилитация, ал оның алдында адаптация деген болады. Бізде ондай жұмыс жасалмады. Олимпиадада температуралық, ылғалдық режим ескерілуі керек. Оған спортшылардың организмін 1-2 күн емес, жарты жыл бұрын дайындау маңызды. Мәселен, осы байрақты бәсекеде бірқатар спортшымыз жарыстың бастапқы сатысында-ақ қатардан шықты. Әсіресе, тенниске үш спортшы жарыс басталмай жатып бәйгеден сырт қалды. Басқа спорт түрлерінде де төзімділік жетпегенін байқау қиын емес. Ортаға үйренбеген, жаңа жерге дағдыланбаған жандар бірден жылдамдықты жоғалтады. Оған спортшыны кінәлау орынсыз. Мұны ел атынан команда жасақтап барғандар қаперінде ұстауы керек. Жену үшін барынды салып дайындалу аздық етеді, сонымен бірге спортшының ағзасы жаңа ортаға бейімделгені жөн. Бұл жерде ғылым үлкен рөл атқарады.

Спортшылардың физикалық дайындығына, техникасы мен тактикасына бапкер жауап беретіні мәлім. Әрине, бапкерлердің дайындыққа ден қойғаны, жаттығуға зор мән бергені талассыз. Бірақ Токиода күн қатты ыстық болды. Жан-жағы ашық теңіз болғандықтан, онда ылғалдылық өте жоғары. Көршілес Ресейдің 1-2 командасы Олимпиада қарсаңында Владивостокқа барып дайындалғанын құлағымыз шалды. Өйткені ауа райы ұқсас. Өкінішке қарай, Қазақстанда бұл жағдайға мүлде көңіл аударылған жоқ. Естеріңізде болса, 1988 жылғы Сеулдегі Олимпиадада біз 24 медаль алғанбыз. Оның оншақтысы алтын болды. Ол кезде әр спорт түрі бойынша кешенді ғылыми топтар қалай жұмыс істегенін қазір ешкім білмейді. Жеңісте сол ғылыми топтардың үлесі бар. Ал қазір мұның бәрі ұмытылып кетті.

Біз инфрақұрылым жағынан да артта қалып қойдық. Барын дұрыс пайдалана алмаймыз не жоғалтып алдық. Спорттың негізі балалар спортында жатыр ғой. Мәселен, 7-8 спорт түрінен балалар мен жасөспірімдердің спорт мектептері (бұдан әрі – БЖСМ) бар. Бапкерлері әлі күнге дейін балаларды жаттықтыратын жер іздеп жүреді. Дайындалатын арнайы орын болмағаннан кейін онда қандай жұмыс болады? Себебі спорт құрылымының, спорт залдарының 90-95 пайызы Білім және ғылым министрлігінде (бұдан әрі – БҒМ). Ал ол спортқа жауап бермейді. Балалар мен жасөспірімдердің спорт мектептері білім ордаларындағы спорт залдарына кіре алмайды. Біз Алматының өзінен рұқсат алып бере алмадық. Ахметжан Есімов әкім боп тұрған кезде қаулы да шығарды. Өйткені БҒМ-нің функционалдық міндетіне спортты дамыту кірмейді. 2000 жылы БЖСМ-дер қазіргі Мәдениет және спорт министрлігіне берілді. Ал бүкіл инфрақұрылым БҒМ-де қалды. Бұл ойға сыймайтын, дұрыс емес кадам. Білім және ғылым министрлігінің алдында Олимпиада чемпиондарын дайындау мақсаты тұрған жоқ. Оның міндеті – дене шынықтыру сабағын өткізу ғана. Кейбір облыстарда мыңға жуық мектеп бар. Олардың бір-бір спорт залы болатыны түсінікті. Ал облыстардың спорт басқармасында қанша спорт залы барын сұраңызшы, 5-6 ғана болуы мүмкін. Бұл бірінші жағдай.

Екіншісі, біз дайындық кезеңдерін ұмытып кеттік. Қазіргі заман басқа. Кеңестік жүйенің спортшыларды әзірлеудегі озық үлгілерін кезінде АҚШ та, Қытай да, Германия да өзіне алып, оны ары қарай дамытты. Ал біз 50 жылы бұрынғы тәжірибемен әлі келе жатырмыз. БЖСМ мақсатын ешкім

білмейді. Оның Олимпиадалық резерв мектебімен, Олимпиадалық даярлық орталығымен байланысы болу керек. Осы байланыс қазір үзілген. Олимпиадалық резерв мектебі 4 жылда бір рет өзінің мәртебесін қорғап отыруы тиіс. Ол жерде бақылау нормативі деген болады. Оны өзге аймақтармен салыстыру керек. Қай аймақта күшті болса, соған спорттағы басымдықты беру қажет. Бапкерлердің арасында да оны түсінетіндер әлі аз.

Спорт интернаттары 1990 жылдарға дейін бүкіл республикада екеу-үшеу ғана еді. Сеулдегі Олимпиадада жеңімпаз атанып, жүлдегерлер қатарынан көрінген спортшылардың бәрінің сол интернаттарға қатысы болған. Қазір әрбір облыста бір интернат бар, алайда нәтиже өскен жоқ. Бұл елдегі спорт жүйесінің тозғанын көрсетеді.

Дүниежүзінде клубтық жүйе қатты дамуда. Оның тиімді екенін облыс әкімдеріне, министрлерге жазып келе жатырмын. Кезінде Ерлан Сағадиев БҒМ басқарып тұрған кезде клубтық жүйені дамытамыз деді. Алайда оны өзі терең түсінбегендіктен, жоғары оқу орындарының басшылары жете мән бермегендіктен бұл істі көңілдегідей жасай алмады. Ал АҚШ, Жапония, Германия

Бауыржан ДОСҚАРАЕВ,
педагогика ғылымдарының докторы, спорт зерттеушісі:

«СПОРТТАҒЫ КӨРСЕТКІШ ЖҰМСАЛҒАН АҚШАҒА САЙ ЕМЕС»

және өзге де дамыған елдерде жоғары спорт академия, институт, университеттерден тамыр тартады. Сондықтан Ресей де соңғы кезде клубтық жүйені 2-3 облысында енгізіп жатыр. Біз де оған өтпей дамымаймыз. Олимпиадалық резерв мектептері, БЖСМ не үшін керек екенін спорт басқармаларының өздері де түсінбейді. Барсаң бәрі жұмыс істеп жатқан сияқты. Алайда, шындығында өнбейтін ұсақ тірлікпен жүр.

Біздегі бапкерлердің көбі Кеңес дәуіріндегі спорт мектебінің шекпенінен шыққандар. Ал жас бапкерлер шоғырын қалыптастыруға көңіл бөлінген емес. Шыңдығында Қазақстанда әлі күнге дейін бапкер дайындайтын бірде бір жоғары оқу орны жоқ. Дене шынықтыру мұғалімін дайындайтын оқу орындары жеткілікті болғанмен, бапкер дайындау мәселесіне тіпті колледжде де көңіл бөлінбей отыр. Мықты бапкерлер мектебі болмағандықтан, спорт заңнан тыс өмір сүруде.

– **Жанкүйерлер «біздің спортшылар дінге берілген, рухын жоғалтқан» дегенді алға тартуда. Жалпы спортқа діни ағымдардың әсері қандай?**

– Дінді терең білем деп айта алмаймын. Бірақ діннің спортқа пайдасы болмаса, зияны жоқ. Исламдағы намаз спорттың бастамасы. Оның ішінде гигиена да бар, аутогендік жаттығу да, өзінді өзін иландыру да, дене шынықтырудың көкесі шынығу мен өндірістік гимнастика бар. Ал діни ағымдар туралы сол саланың кәсіби мамандары айтқаны жөн болар.

– **Спортшы мен бапкерден бастап, саладағы психолог, массажист, дәрігер сияқты өзге де мамандарды сырттан әкелудегі мақсат не?**

– Қазір спорт түрлерінің көпшілігінде легионер бар. Сырттан мамандарды шақыру керек, алайда бұл ең қолайлы нұсқа болғаны жөн. Командадағы өзге спортшылар соларға қарап өсу үшін, өз өрендерімізді ынталандыру үшін сырттан саңлақтар тартылса, реніш жоқ. Легионер әкелу спорт федерацияларымен байланысты нәрсе. Бізде жоғары жақта жұмыс топтарын құру формальды боп кетті. Мұндайда бір емес, бірнеше Азия, Олимпиада ойындарын көрген адамдармен ақылдасу керек, ғылымның, жоғары спорттың иісін сезетін жандардың пікірін білу қашанда маңызды. Онсыз спортты ешқашан жоғары көтере алмаймыз. Сосын қолда барды бағалаға-



нымыз, өзіміздегі білікті мамандарға таңдау жасағанымыз абзал. Ресейге барып, спортшыларының гимнастикадан алтын жүлде алуына көмектескен біздің бір мықты психологты білемін. Түрлі бапкерлік кеңестерде жұмыс жасаған жаттықтырушыларымыз да жеткілікті. Мысалы, футболдан Курбан Бердиев Қазақстанда қанша уақыт жұмыссыз жүрді. «Қолда барда алтынның қадірі жоқ» дейді ғой. Ол рас. Өзім де

жақсы көретін, елдің атын шығаратын спорт түріне ғана басымдық беру қажет. Қазір біз біреуді сырттан шақырып чемпион қыламыз да, осы спорт түрі бізде күшті дамыған дейміз. Ол дұрыс емес. Сол сияқты Олимпиадаға қатыспасак та халық футболды жақсы көреді ғой. Оны тастап кете алмайсың. Сондықтан бізде де шамамен 15-20 спорт түрі басымдыққа ие болу керек. Елдің қолдауына ие болған саланы қаржыландырып, нәтижеге жетуге тырысқан дұрыс. Ал біз ақшаны бәріне шаша береміз. Бірнеше жыл бұрын бір конкурс ұйымдастырылып, Қазақстандағы ең танымал, көпшіліктің қызығушылығын тудыратын спорт түрін анықтау керек болды. Бір қызығы, осы сауалнама нәтижесіне қарағанда біздің еліміздегі ең танымал спорт түрі семсерлесу екен. Бұған кім сенеді? Өте күлкілі нәрсе ғой. Қазір жоғарыдағылар арасында шындықты айтқан адамды жау санаушылар көп. Ақиқатқа жетеміз десек әр сынға жана-шырлықпен айтылған сөзге мән берген абзал.

Біздегі бапкерлердің көбі Кеңес дәуіріндегі спорт мектебінің шекпенінен шыққандар. Ал жас бапкерлер шоғырын қалыптастыруға көңіл бөлінген емес. Шындығында Қазақстанда әлі күнге дейін бапкер дайындайтын бірде бір жоғары оқу орны жоқ. Дене шынықтыру мұғалімін дайындайтын оқу орындары жеткілікті болғанмен, бапкер дайындау мәселесіне тіпті колледжде де көңіл бөлінбей отыр. Мықты бапкерлер мектебі болмағандықтан, спорт заңнан тыс өмір сүруде.

Біз де құжат бойынша спорт мамандарын дайындайтын 40-тан астам білім ордасы бар екен. Ал оларды кім дайындап жатыр? Анатомиалық музейді, физиологияны, биомеханиканы, биохимияны оқытатын ғалымдары бар ма? Бір жолы биомеханика бойынша кешенді ғылыми топқа маман іздеп, бүкіл республикадан таппадық. Сонда осыншама білім ордасы дәріс оқитын білікті мамандарды қайдан тауып отыр?

Маман дайындауды Мәдениет және спорт министрлігі федерациялардың өзіне жүктеп қойды. Әрқайсысы бапкерді өзінше дайындап жатыр. Оның колледжі, университеті, институты, профессорлық-оқытушылық құрамы бар ма

деген сауалға ешкім бас ауырттып жүрген жоқ. Олар біліктілікті семинар-кеңестер арқылы жетілдіруі мүмкін. Ал негізгі базаны оқу орындары бакалавриат, магистратурада дайындауы керек емес пе?

– **Осы олимпиададан кейін спортты мәдениеттен бөліп, жеке министрлік не агенттік ретінде қайта құру керек деп ұсыныс айтушылар көп болды. Бұл мәселеге қалай қарайсыз?**

– Құрылымды біріктіріп, не болмаса бөлумен мәселе шешілмейді. Меніңше жүйені өзгертпей, спорттағы қалыптасқан кемшілік түзелмейді. Өзгеріс жасау үшін алдымен білім мен ғылымды қолға алу керек. БҒМ жылда маман дайындауға мемлекеттік грант береді. Алайда осы уақытқа дейін онда спорт туралы әңгіме болған жоқ. Сондықтан маман дайындауға қатысты мемлекеттік грантты бөлген кезде ел спортына не керекін жақсы білетін Мәдениет және спорт министрлігінің пікірін білу маңызды. «Шымшық сойса да қасапшы сойсын» деген ұстаным спортқа да керек.

– **Спорттық білімнің деңгейіне қандай баға бересіз?**

– Бүгінгідей жағдайдың қалыптасуына спортшыларды, бапкерлерді кінәлау орынсыз. Бізде тек ғылым жоқ. Ол бір уақытта қалыптасатын нәрсе емес. Жазғы Олимпиада ойындарының Токиода болатынын он жыл бұрын білдік қой. Ен кемінде бір не жарты жыл қалғанда кешенді ғылыми топ

жұмыс істеуі керек еді. Оған ешкім көңіл бөлмеді. Мәселен, Қытайда спорт бойынша 28 ғылыми-зерттеу институты өнімді жұмыс істейді. Бұдан басқа көптеген орталық спорттағы жеңіс пен жеңілістің себебін анықтап, кемшілікті қайталамаудың ғылыми алғышартын жасайды. Біздің елімізде осының біреуі де жоқ әлі. Өзбекстан да инфрақұрылым жағынан бізден озып кетті. Олар аз ғана уақыттың ішінде зертхана, институт, анатомиялық музейін дамытып үлгерді. Жалпы спорттық ғылымды дамыту үшін алдымен ғылыми-зерттеу институты болу керек.

– **Олимпиадалық іріктеу жүйесін қалай жолға қоюға болады?**

– Спортпен жүйелі айналысу деген ұғым бар бізде. Президент осы мәселеге көңіл аударған соң қағаз жүзінде спортпен айналысатындар санын өсіріп қойдык. Оның жартысы өтірік. Себебі спортта жүйе жоқ. Жоғары оқу орындарындағы спорт клубы да құқықтық ұйым. Ал спорттық клуб деген – жүйе. Екеуі екі бөлек нәрсе.

Ендігі жерде спортқа қаржы ғана салып қоймай, әлемдік дамуға ілесу жағын қаперде ұстағанымыз жөн. Спорттық менеджер дайындайтын арнайы білім беру бағдарламасы болу керек. Спорт менеджерін дайындайтын орындар бүкіл ТМД елдерінде жоқ.

Дене шынықтыру мен спорт екі түрлі нәрсе. Спортта адам денсаулығын жоғалтады. Егер спортшыға жанымыз шын ашитын болса, үлкен спорттан кеткен соң оларға да зейнетақы беру керек.

Біз де сондай-ақ ұлттық құрама мен жай командалардағы бапкерлердің айлығы жер пен көктей. Германияда балалар мен ересектер бапкерлерінің айлығындағы айырма 5 пайыз ғана. Жалпы адамның спорттағы негізгі бала кезде қаланады ғой. Сондықтан спорт мектептеріндегі балаларды қайта іріктеп, ондағы спорттық көрсеткіші төмен балаларға басқа мамандықта өз бағын сынауына мүмкіндік берген орынды. Сонда әркім өзі қалаған нәрсесімен айналысып, анау неге жүр, мынау неге жоқ деген бос әңгіме болмайды.

– **Сұхбатыңызға рақмет!**

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

ШЫНЫҚСАҢ, ШЫМЫР БОЛАСЫҢ!

Алматы қаласының ҚАЗ департаментіне қарасты ЛА 155/6 мекемесінде көмелетке толмаған сотталғандар арасында спорт күніне орай арнайы шара ұйымдастырылды. САӨПТЖБ карантин бөлімінің бастығы, әділет лейтенанты Сәбит Бектеміровтің мұрындық болуымен өткен спорттық сайысқа жазасын өтеп жүрген жасөспірімдердің барлығы қатысуға ынта танытты.

Спорттық іс-шара шахмат, үстел теннисі және шағын футболдан өтті. Мекемеде спортпен айналысуға жағдай жасалған, Жетісу ауданы әкім-

шілігінің қолдауымен сотталған жасөспірімдерге түрлі спорттық саймандар сыйлыққа тарту етілген болатын. Мекемеде жастардың спортпен айналысуына қажетті керек-жарақтың барлығы бар. Соның ішінде үстел теннисі, шахмат, дойбы ойнауға қажетті құралдар, шағын футбол жанкүйерлері үшін доптар, спорттық киімдер алынған. Тіпті мекемеде сотталған жасөспірімдердің басын біріктіретін «Жастар» футбол командасы бар.

Сәбит Сәкенұлы ұйымдастырған спорттық іс-шара барысында сотталғандар карантинге байланысты ережені қатаң сақтады. Осындай спорттық шараның жиі өтуі жасөспірімдерге ерекше көңіл-күй сыйлайды.

Жоспарға сәйкес мұндай ізгілікті істер мекемеде жиі өтіп тұрады. Биыл індеттің таралуына жол

бермеу мақсатында спорттық шараларға сырттан командалар шақырылмады. Дегенмен жасөспірімдердің спорттық іс-шараға қызығушылығы өте жоғары.

Мұндай шараның мақсаты – жасөспірімдердің денсаулығын нығайту, салауатты өмір сүру үшін спорттың пайдалы екенін түсіндіру.

Спорт денсаулықтың ғана көпірі болып қалмай, ой-өрістің дамуына әсер етуші, көптің пен бірлікке шақырушы, отансүйгіштікке, мықты болуға үндеуші. Ең бастысы, қазіргідей коронавирустан сақтанып жатқан уақытта шыныққан адамдардың ғана ауруға бой бермейтінін қаперде ұстауымыз керек.

Е. ЖЕҢІСХАН,
ЛА-155/6 мекемесінің қызметкері

ПІКІР

БІРЕГЕЙ

Еліміздің бас құжаты Конституция – тәуелсіздіктің теңдессіз тартуы. Қоғамның өркендеуіне қарқын қосып, Қазақстан халқының бірлігіне жол бастаған Ата Заңда бекітілген республикамыздың тұғырлы қағидаттары бүгінде өзінің өміршендігін дәлелдеді.

Тәуелсіздігіміздің тірегіне айналған Ата Заң – мемлекет пен қоғамда орын алып отырған барлық саяси-экономикалық, әлеуметтік реформалардың дамудың қайнар бастауына айналды.

Қазақстан Республикасының Конституциясы 1995 жылы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданды. Биыл Ата Заңымызға 26 жыл толып отыр. Осы уақыт аралығында еліміздің басты құжаты азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының кепіліне, мемлекеттің мызғымастығының белгісіне айналды.

Конституцияға сәйкес, адам құқықтары мен бостандықтары бірдей қорғалады, оларға кепілдік беріледі және ешкім айыра алмайды. Нормативтік құқықтық актілердің мазмұ-

ны мен қолданылуы азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға бағытталады. Соған сай, республика азаматтары құқықтарға ие болып, міндеттер атқарады.

Азаматтың өз құқықтары мен бостандықтарын жүзеге асыруы конституциялық құрылыс пен қоғамдық имандылыққа нұқсан келтірмеуге тиіс. Олардың құқықтары мен бостандықтары, қажетті қорғанысты қоса алғанда, заңға қайшы келмейтін барлық тәсілдермен қорғалуға міндетті. Сонымен қатар, әр адамның құқықтары мен бостандықтарының сот арқылы қорғалуына және білікті заң көмегін алуға құқығы бар. Заңда көзделген реттерде заң көмегі тегін көрсетіледі. Ата Заңымызға сәйкес, заң мен сот алдында жұрттың бәрі тең. Тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне байланысты немесе басқа да жағдайлар бойынша ешкімді ешқандай кемсітуге



Қаршыға ӘЙГЕРІМ,
Қызылорда қалалық сотының судьясы

болмайды. Тағы да ерекше тоқтала кететіні, заңда көзделген реттерде ғана және тек қана соттың санкциясымен тұтқындауға және қамауда ұстауға болады, тұтқындалған адамға шағымдану құқығы беріледі. Соттың санкциясысыз адамды жетпіс екі сағаттан аспай-

ЖҮРЕКЖАРДЫ

КЕМЕЛ КЕЛЕШЕК
КЕПІЛІ

Кез келген демократиялық мемлекеттің дамуына ықпал ететін заңды іргетасының болуы шарт. Ал Конституцияда айтылғандарды бұлжытпай орындау әрбір азаматтың борышы.

1995 жылы қабылданған Конституция еліміздің мемлекеттік тәуелсіздігінің жаңа өрлеуін нығайтты. Биылғы жылы ҚР Конституциясына 26 жыл толады. Біздің тәуелсіздігіміздің кепіліне айналған Конституция бабалардың даналығы мен қазіргі заманның рухын бірлестіре үйлестірген, жүзден аса ұлттар мен ұлыстардың теңдігін тегіне қарамастан бекіткен ұлы құжат болды.

Ата Заңымыз мемлекеттіліктің барлық арман-мүддесін толық қамтыған, елімізде жүзеге асқан және жүзеге асатын саяси, экономикалық және әлеуметтік жаңарулар мен жетістіктердің құқықтық тұғыры ретінде бағаланды. Конституция арқылы мемлекет өзінің халықаралық және ішкі деңгейдегі құқықтық мәртебесін бекітеді. Сол арқылы ол өз әрекетін құқықтық қамтамасыз етеді. Осы тарихи құжат арқылы біз еркіндігіміздің негізін және тәуелсіздігіміздің іргетасын бекіте түстік.

Біз аз уақытта айбары асқан қуатты ұлтқа, дәулеті тасқан әлеуметті елге айналдық.

Әрбір азаматы өзін тең сезінетін, татулығы жарасқан Қазақ елінің, Қазақстан халқының қарымды істері бүгінде әлем жұртшылығы үшін үлгі-өнегеге айналды. Мұның өзі біздің Ата Заңымызда бүкіл адамзаттық құндылықтар мен өркениеттік игіліктердің барлығы қамтылғанын айғақтайды.

Өркендеп дамуымыздың басты құжатына айналған, бүкіл халық болып қабылдаған Ата Заңды құрметтеу біздің міндегіміз әрі парызымыз.

Қазақстанның әрбір азаматы еліміздің негізгі заңының асқақ рухы мен маңызын, Конституцияны қалыптастыру тарихын жақсы білуі керек. Конституцияны құрметтеу және сақтау арқылы және оның тарихы мен маңызын білуімізбен ғана біз өз елімізді, Отанымызды, тарихымызды, құндылықтарымызды құрметтейміз және еліміздің дамуына, қоғамдық келісімге, бейбітшілік пен тыныштыққа қол жеткізеаламыз. Өйткені, біздің Ата Заңымыз – Қазақстан халқының саналы тандауы, өркенді дамуымыздың кепілі.

Б.КАРЫБАЕВ,
Арқалық қалалық сотының судьясы
ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ

МӘРТЕБЕ

ҚҰЖАТ ЖАЛПЫАДАМЗАТТЫҚ
ҚҰНДЫЛЫҚТЫ ДӘРІПТЕЙДІ

Кез келген мемлекеттің, елдің тәуелсіздігін, демократиялық құндылықтарын айқындайтын негізгі құжат – Конституция. Онда мемлекеттің барлық құрылымдарының, жеке азаматтардың, ұлт пен ұлыстардың, әлеуметтік топтардың мақсаттары, міндеттері, құқықтары көрсетіледі. Осы орайда еліміздің Ата заңы 26 жылдан бері өзінің міндетін қалтқысыз атқарып келеді.

Дәлірек айтсақ, 1995 жылдың 30 тамызы күні Бүкілхалықтық референдумда Ата Заңымыз қабылданды. Кейін Конституцияға 1998 жылы және 2007 жылдары толықтырулар мен өзгертулер енгізілді. Содан бері қарай тәуелсіздігіміздің тірегіне айналған Ата Заң – мемлекет пен қоғамда орын алып отырған барлық саяси-экономикалық, әлеуметтік реформалардың ілгері басуына, дамудың қайнар бастауына айналды. Мемлекет пен қоғамның дамуындағы өзгерістер – демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнығу талпыныстарының бәрі – Ата Заң қағидалары негізінде жүзеге асырылып келеді. Мұнда мемлекеттік басқару мен бұқаралық биліктің үйлесімді түрде ұштасуы бар. Еліміздің Ата Заңы қоғамдық құндылықтың алтын арқауы және мемлекеттік биліктің бастауы екенін ұмытпауымыз керек.

Қазақстанның Ата Заңы уақыттың сынынан сүрінбей өтіп, өзінің заман талабына лайықтылығын жан-жақты дәлелдеп келеді. Ал көптеген зерттеушілердің пікірінше, Қазақстанның Конституциясы әлемдегі жалпыадамзаттық құндылықтарды дәріптейтін ең үздік 50 конституцияның бірі болып саналады екен. Бұның өзі Ата Заңымыздың үлкен әлеуетін білдірсе керек. Ата Заңымыз алдағы уақытта да халқымыз үшін қызмет етіп, Ата Заңға бағынған еліміз көркейе берсе мақсатымыздың орындалғаны болмақ!

Д.СЛЯМКУЛОВ,
Алматы қалалық әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының судьясы

МЕРЕЙ

тын мерзімге ұстауға болады. Одан бөлек, Конституциямызда адамның қадір-қасиетіне, өміріне қол сұғылмайтыны, отбасының құпиясы болуына, ар-намысы мен абыройлы атын қорғауға құқығы бар екені айтылады. Әр адам жеке салымдары мен жинаған қаражатының, жазысқан хаттарының, телефон арқылы сөйлескен сөздерінің, почта, телеграф арқылы және басқа жолдармен алысқан хабарларының құпиялылығы сақталуына құқылы. Бұл құқықты шектеуге заңда тікелей белгіленген реттер мен тәртіп бойынша ғана жол беріледі.

Ар-ождан бостандығы құқығы белгілі бір міндеттемелерге байланысты шектемеуге тиіс. Республика аумағында еңбек ету бостандығына, қызмет пен кәсіп түрін еркін тандауға құқық берілген. Еріксіз еңбекке соттың үкімі бойынша не төтенше жағдайда немесе соғыс жағдайында ғана жол беріледі. Әркімнің қауіпсіздік пен тазалық талаптарына сай еңбек ету жағдайына, еңбегі үшін нендей бір кемсітусіз сыйақы алуына, сондай-ақ жұмыссыздықтан әлеуметтік қорғалуға құқығы бар. Ереуіл жасау құқығын қоса алғанда,

заңмен белгіленген тәсілдерді қолдана отырып, жеке және ұжымдық еңбек дауларын шешу құқығы мойындалады. Әркімнің тынығу құқығы бар. Еңбек шарты бойынша, жұмыс істейтіндерге заңмен белгіленген жұмыс уақытының ұзақтығына, демалыс және мереке күндеріне, жыл сайынғы ақылы демалысқа кепілдік беріледі.

ҚР Конституциясының XII бөлімі азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғаудың кепілі болатын соттарға және сот төрелігіне арналған. Ата Заңымыздың 75-бабына сәйкес, республикада сот төрелігін тек сот қана жүзеге асырады. Яғни, елімізде азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының кепілі сот билігі болып саналады. Соған сәйкес, сот билігі сотта іс жүргізудің азаматтық, қылмыстық және заңмен белгіленген өзге де нысандары арқылы жүзеге асырылады. Заңда көзделген жағдайларда қылмыстық сот ісін жүргізу алқабилердің қатысуымен жүзеге асырылады.

Ең бастысы, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауды басты назарға алып, кепілдік беріп, қорғап отыр.

АТА ЗАҢ – АЙБАРЫМЫЗ

Ата Заңымызда елімізде өмір сүріп жатқан халықтың ортақ құндылықтары дәл көрсетілген.

Конституциямен ешкімді жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына және басқа да жағдаяттар бойынша кемсітуге тыйым салынған. Мұнымен бейбітшілік пен тұрақтылық, барлық халықтың игілігіне экономикалық даму секілді басты конституциялық қағидаттар қамтамасыз етіледі.

Конституцияның негізінде заманауи мемлекеттік механизм және құқықтық жүйе құрылды, тиімді экономиканың іргетасы қаланды, адамның құқықтары мен бостандықтары қамтамасыз етіледі. Ең бастысы, біздің басты игілігіміз – бейбітшілік пен татулық мызғымайды.

Жалпы, әділ заң салтанат құрған мемлекеттің болашағы қашанда жарқын болатыны шындық. Еліміздің Конституциясы азаматтардың сот төрелігіне еркін қол жеткізуін белгілеп, әрбір азамат өзінің құқықтары мен бостандықтарын сот арқылы қорғауына кепілдік береді. Және де Ата Заңымыздың VII бөлімінде соттар мен сот төрелігі жайлы айтылған.

Конституция бойынша, егемен елімізде сот жүйесі мемлекеттік биліктің бір тармағы болып танылады. Осының өзі соттың ерекше маңыздылығын нақты айшықтайды.

Қазақстанда сот төрелігін тек сот қана жүзеге асырады. Сот төрелігін іске асыру жөніндегі соттың қызметіне қандай да болсын араласуға жол берілмейді және ол заң бойынша жауапкершілікке әкеп соғады. Нақты істер бойынша судьялар есеп бермейді. Судья сот төрелігін іске асыру кезінде тәуелсіз және Конституция мен заңға ғана бағынады.

Осы жылдар ішінде сот жүйесінде ашықтық пен жариялылық алдыңғы қатарға шықты. Іс құжаттары, талап арыздар мен өтініштер «Сот кабинеті» электронды сервисі арқылы қабылда-

нады. Атқару парақтары, құжат айналымдары жүз пайыз электронды нұсқада дайындалады. Соттардағы құжат айналымдары «Төрелік» ақпараттық жүйесі, ал мемлекеттік органның «Мемлекеттік органдардың электрондық құжат айналымының бірыңғай жүйесі» арқылы жүреді. Карантиндік шектеу кезінде де соттар жұмыстарын тоқтатпады. Сот отырыстары «WhatsApp», «TrueConf» және «Zoom» мобильді қосымшаларының көмегімен өткізілуде. Сондай-ақ, азаматтар сауалдарын соттардың «WhatsApp», Телеграмм бот арналарына қоя алады.

Мұның барлығы егемен ел екенімізді паш еткен, тәуелсіздігімізді тұғырлы еткен Ата Заңымыздың арқасы деп білемін.

Қоғамның өркендеуіне қарқын қосып, Қазақстан халқының бірлігіне жол бастаған Ата Заңда бекітілген республикамыздың тұғырлы қағидаттары бүгінде өзінің өміршендігін дәлелдеп отыр. Қазақстан халықаралық қоғамдастықта лайықты орын алып, биік белеске көтерілді. Әрбір қазақстандық келешекке керуен тартқан мемлекетіміздің тұрақты дамуының кепілі Конституцияның мемлекет пен қоғам үшін ғана емес, өзінің жеке басы мен отбасы үшін де маңыздылығын терең сезінді.

Бүгінгі таңда Конституцияны бұлжытпай орындау, оның қағидаларының жүзеге асырылуын қамтамасыз ету, толық және ұтымды пайдалану ортақ міндетіміз болып табылады. Бұл мереке Қазақстан Республикасының игілігі үшін жасалатын барлық бастамаларымыз бен жаңашылдықтарымызға сенімділік береді.

Роза СҮЛЕЙМЕНОВА,
Сырдария аудандық сотының кеңсе меңгерушісі
ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ

ТҰҒЫР

АЗАТТЫҒЫМЫЗДЫҢ АЙҒАҒЫ

Қазақстанның Конституциясы қабылданып, өзінің демократиялы, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет екенін бүкіл әлемге танытты.

Егемен еліміздің алғашқы Конституциясы 1993 жылы 28 қаңтарда XII шақырылған Қазақстан Жоғарғы Кеңесінің IX сессиясында қабылданғанын ерекше атап өткен жөн. Онда қазақ тілін мемлекеттік тіл деп тану, билікті бөлісу принципі, мемлекет тәуелсіздігі, егемендік, сот органдары және басқа да маңызды мәселелер қамтылғанын жақсы білеміз.

Еліміздің Ата Заңы адамзат баласының жүздеген жылдар бойы қалыптасқан жалпы құндылықтарын өз бойына сіңірді. Біздің тәуелсіздігіміздің кепіліне айналған Конституция – бабалардың даналығы мен қазіргі заманның рухын бірлестіре үйлестірген, жүзден аса ұлттар мен ұлыстардың теңдігін, тегіне қарамастан бекіткен Ұлы құжат болды. Ата Заңымыз мемлекеттіліктің бар-

лық арман-мүддесін толық қамтыған, елімізде жүзеге асқан және жүзеге асатын саяси, экономикалық және әлеуметтік жаңарулар мен жетістіктердің құқықтық тұғыры ретінде бағаланды. Ұлттық рухымыздың адастырмас темірқазығындай болған тоғыз бөлімнен тұратын Конституцияда «Адам және азамат» деп аталатын бөлім, елдің ең асыл қазынасы – адам және оның құқықтары мен бостандығын қорғауға арналған.

Ата Заңымызды қабылдай отырып, біз өз тәуелсіздігімізді одан әрі нақтылай түстік. Қазақстан Республикасы – президенттік басқару нысанындағы біртұтас мемлекет, республиканың егемендігі оның бүкіл аумағын қамтиды. Мемлекет өз аумағының тұтастығын, қол сұғылмауын және бөлінеуін қадағалайды. Міне, осы сынды жаңа құқықтық нормалар елдің тәуелсіздігін толықтай құқықтық тұрғыда қамтамасыз етуде.

Конституцияда көрсетілген саяси, әлеуметтік-экономикалық және құқықтық міндеттерді жүзеге асыруға бағытталған мақсаттар тәуелсіздіктің арқасында еңсесін тіктеген Қазақ елінде қай салада болсын жемісті жүзеге асырылуда.

Бүгінгі таңда саясаты салмақты, экономикасы еңселі, әлеуметтік жағдайы әлді, халқы тату, қорғанысы бекем, болашағы жарқын еліміз Ата Заңның аясында өркениетті елдермен терезесі тең мемлекеттің бірегейіне айналды.

Құлш халықтың талқысынан өтіп, ел игілігіне айналған Ата Заңымыз біздің мемлекетіміздің басты төлқұжаты болып саналады.

Конституция – арайлы азаттығымыздың айғағы, жарқын болашағымыздың бұлжымас бағдары болып қала бермек.
Е. ОТАНМҰРАТОВ,
Қорғалжын аудандық сотының бас маманы
АҚМОЛА ОБЛЫСЫ

БІЛГЕН ЖӨН!

БАЛАҢЫЗДЫ ЭЛЕКТРОНДЫ ТҮРДЕ ТІРКЕТУГЕ БОЛАДЫ

Жаз аякталуға таяу. Жаңа оқу жылының басталуына орай баланы мектепке орналастыру мәселесі де күн тәртібіне шықты. Қазіргі кезде халыққа қызмет көрсету орталығына сабылған елдің көбін осы мәселе мазалайды. Алайда, баланы мектепке электронды түрде тіркеуге болатынынан қала тұрғындарының көбі бейхабар. Ол үшін egov.kz – электрондық үкімет порталына кіріп, «Білім» бөлімінде тиісті қызмет түрін тандап, баланың 3*4 фотосы мен денсаулығы туралы құжаттарды (063, 026 нысандағы) қоса тіркесеніз, бір жұмыс күні ішінде қаралып, нәтижесі белгілі болады.

Қағазбастылыққа жол жоқ!
Тағы бір мәселе – әлеуметтік әлсіз санатқа жататын отбасы балаларына мектептен берілетін оқу құралдары, мектеп үлгісіндегі киім мен ыстық тамақ тәрізді көмек түрлерін алу үшін орта білім ошағындағылар ата-ананың қолына көлдей тізім ұстатып, осыларды жинап кел деп жергілікті әкімдік, салық мекемесі, халыққа қызмет орталығына сабылтып жібереді. Әуелі ата-ананың жеке куәліктерінің, неке куәлік (немесе неке бұзу куәлігі), балалардың туу туралы куәліктерінің көшірмелерін түсіріп әкелу керек екен. Одан кейін, жеке кәсіпкер еместігі, атаулы әлеуметтік көмек, ажырасқан болса алимент, асыраушысынан айырылғандығына, көпбалалы және тағы сол сияқты жәр-

демақы алатын-алмайтыны жайында анықтама өткізу қажет. Одан бөлек, оқушы ата-анасының жұмыс орнынан қайда және кім болып жұмыс істейтіні туралы, зейнетақы қорынан соңғы алты айдың түсімдері туралы анықтамалардың болуы шарт. Көпбалалы отбасы, жалғызбасты ана немесе мүмкіндігі шектеулі бала тәрбиесіндегі отбасы болып табылатындығын растайтын әлеуметтік мәртебесі туралы құжатты қоса ұсыну қажет. Алайда, сол тізімдегі сұратып отырған құжаттардың түгелге жуығы электрондық үкімет порталында әркімге жеке қолжетімді. Олай болса, кез келген ата-ана үйінен ешқайда шықпай-ақ, ұялы телефонына «egov mobile» мобильдік қосымшасын жүктеп алып, әлгі құжаттарды сол жерден алып, мектепке электронды нұсқада ұсынса әбден болады. Өз кезегінде мектептер көшірме мен анықтама сұратуға құрылған басы артық қағазбастылыққа жол бермей, әлеуметтік жеңілдіктері бар оқушылар мен олардың ата-аналары туралы электрондық дерек қорын жасақтаса, сол арқылы қазіргі цифрландуды мықтап қолға алған еліміз үшін сүбелі үлес қосар еді.

Сәбит ЖЕҢІСҰЛЫ,
«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы КЕАҚ Алматы қаласы филиалына қарасты Алатау ауданы ХҚКО бөлімінің супервайзері

ҚҰРЫҚ

Ақтөбе облысының құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқарма басшысының орынбасары Жамбыл Нұрбаев сотталды. Сот шенеунікті 4,5 жылға бас бостандығынан айырды.

Айыптау актісіне қарағанда, өткен жылы желтоқсан айында облыстық құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы мен құрылыс фирмасы Темір ауданының Шұбарши ауылында спорт кешенінің құрылысын салуға келісімшарт жасайды. Сотталушы Жамбыл Нұрбаев жұмыстың аяқталғаны туралы актіге қол қойып, қабылдап алған. Алайда ол кезде құрылыс бітпеген. Жасалмаған жұмыс құны 1 миллион 144 мың 732 теңге болған. Сонынан шенеунік құрылыс фирмасының директорынан орындалмаған жұмысты қабылдап алып, оған алдағы уақытта қамқорлық жасайтындығын айтқан. Сөйтіп, бұл қызметі үшін 6 млн теңге талап еткен. Екеуара келіссөзге кәсіпкердің танысы көмектескен. Келесі күні пара толы пакет Жамбыл Нұрбаевтың қолына тиген уақытта оны Жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі өкілдері ұстаған. Тергеу органдары Жамбыл Нұрбаевқа Қылмыстық кодекстің 366-бабы 2-бөлігі (пара алу) бойынша айып тақты. Ал құрылыс компаниясының директорына Қылмыстық кодекстің 367-бабы 2-бөлігі бойынша (пара беру) және оның танысына Қылмыстық кодекстің 368-бабы 1-бөлігі бойынша (парақорлыққа дедал болу) айып тақты. Сотталушылардың екеуі өз кінәсін мойындаған жоқ. Тек соңғысы ғана өзінің айыбын мойындап, істің мән-жайын айтып берген.

«Мемлекеттік айыптаушы соттан



ШЕНЕУНІКТЕР СОТТАЛДЫ

Ж.Нұрбаевқа 4 жыл, Б.Утеповке 2 жыл, М.Т.Санкибаевқа 1 жыл мерзімге бас бостандығынан айыруды сұрады. Сот Нұрбаевтың ауыр сыбайлас жемқорлық қылмысын жасағанын ескеріп, оған 4 жыл 6 ай мерзімге бас бостандығынан айыру жазасын тағайындады. Сот оны қылмыстық әрекеттерімен мемлекеттік органның жұмысына нұқсан келтірді деп есептейді. Ал Утеповке 2 жыл 6 ай мерзімге бас бостандығынан айыру түріндегі жаза тағайындады. Бұдан бөлек Санкибаевқа оның шын жүректен өкінуін ескере отырып, 6 ай мерзімге бас бостандығынан айыру түріндегі жаза тағайындады. Сотталғандардың барлығы өмір бойына мемлекеттік қызметте еңбек ету құқығынан айырылды», – деп хабарлады Ақтөбе қаласы №2 сотының баспасөз қызметі.

Сот үкімін оқыған кезде судья Ербол Әбдіқалыков Ақтөбе облысының әкімі Оңдасын Оразалиннің атына жеке қаулы шығарып, шенеуніктердің

арасындағы жемқорлық фактілеріне назар аударуды сұрады. Айта кетелік, бұл Ақтөбе облысының құрылыс саласына жауапты шенеуніктерге қатысты шығып отырған алғашқы шулы оқиға емес. Қарамағындағы орынбасары ұсталғаннан кейін Ақтөбе облысының Құрылыс, сәулет және қалақұрылысы басқармасының басшысы Байрон Өтешов бірден қызметінен кеткен. 2020 жылдың желтоқсанында дәл осы басқарманың экс-басшысы Нұрлан Иманалин 7 жылға сотталған. Оған мектеп құрылысына бөлінген 60 миллион теңгені жымқырды деген айып тағылған еді. Бұл жұмысқа жеке құрылыс компаниясының директоры көмектескен. Бұдан бөлек ол төтенше жағдай кезінде мас күйінде полиция қызметкеріне қару кезеніп, қорқытты деп айыпталған.

Жансия ЕСМАҒАНБЕТОВА
АҚТӨБЕ ҚАЛАСЫ

13. АЛҒЫС БІЛДІРУ ЖЕДЕЛ ХАТЫ
Қызылорда облысы, Сырдария ауданы, Шаған ауылы тұрғындары 2020-2021 жылдары аралығында заңсыз үлескерлерге қатысты «Шаған жер» ЖШС-де орын алған даудың халық игілігіне шешілгені үшін ҚР Жоғарғы Сотының Төрағасы Жақып Асановқа, азаматтық істер жөніндегі сот алқасының төрағасы Мейрамбек Таймерденовке, қасатиялық сатдағы сот отырысында істі тікелей қараған ҚР Жоғарғы Сотының судьясы Серік Әбдірахмановқа, Қызылорда облыстық сотының төрағасы Қамбар Нұрышевқа, апелляциялық сатдағы сот отырысында істі тікелей қараған Нұрлыбек Қосановқа шынайы алғыс білдіреді.

Аталған мәселе төңірегінде сот отырыстарында істі тікелей қараған Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының төрағасы Елшібеков Бақытбек Есенгелдіұлы мен облыстық мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Сарсенов Медетбек Темірбекұлына ауыл халқы зор ырызылықтарын білдіреді.

Арнайы алғысты Қызылорда облыстық адвокаттар алқасының төрағасы Серікбай Шенгелбай мен адвокаттар Шаймұханбетұлы Жақып, Нұрлан Камербаевтарға жолдайды.

Есімдері жазылған сот саласының азаматтарына алдағы жұмыстарында табыс тілейді. Ел игілігі үшін жасалған еңбектерінде абыройлы болуын тілейміз.

ӘРТҮРЛІ

3. Нұр-Сұлтан қаласы мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2021 жылғы 27 шілдедегі ұйғарымымен «Кимаки» ЖШС-не, БСН 020540009897, қатысты оналту рәсімдерін қолдану туралы іс өндіріске алынды.

4. «Таразский сахарный завод» ЖШС, БСН 180440019654, өзіне «Зерновая инвестиционная компания» ЖШС, БСН 030340000431, «Меркенский сахарный завод» ЖШС, БСН 180440019496, «Qaz-Табыс» ЖШС (200940018743) қосу арқылы қайта ұйымдастырылатыны туралы хабарлайды. Талаптар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: 080010, Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Тараз қаласы, Жауғаш Батыр көшесі, 2 үй

5. «Зерновая инвестиционная компания» ЖШС, БСН 030340000431, «Таразский сахарный завод» ЖШС-не, БСН 180440019654, қосылу арқылы өзінің қайта ұйымдастырылатыны туралы хабарлайды. Талаптар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: 050059, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Әл-Фараби даңғылы, 97 үй, 128 пәтер.

6. «Qaz-Табыс» ЖШС, БСН 200940018743, «Таразский сахарный завод» ЖШС-не, БСН 180440019654, қосылу арқылы өзінің қайта ұйымдастырылатыны туралы хабарлайды. Талаптар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: 010000, Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қаласы, Алматы ауданы, А 207 көшесі, 9 ғимараты.

7. «Меркенский сахарный завод» ЖШС, БСН 180440019496, «Таразский сахарный завод» ЖШС-не, БСН 180440019654, қосылу арқылы өзінің қайта ұйымдастырылатыны туралы хабарлайды. Талаптар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: 080513, Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Меркі ауданы, Ойтал ауылдық округі, Ойтал ауылы, Ұлытау көшесі, 30 үй.

БАНҚРОТТЫҚ

19. Алматы облысы мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2021 жылғы 11 тамыздағы ұйғарымымен «SV VELES» ЖШС-н (БСН 040540006281) банкрот деп тану туралы азаматтық іс қозғалды.

14. ЖСК «Орбита 2018», БИН 180440024254 (юрид.адрес: Қазақстан Республикасы, 010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Есіл ауданы, Ч.Айтматов көшесі 36, 877 пәтер), фактический адрес: Қазақстан Республикасы, 010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Алматы ауданы, Петров көшесі 10.

«Орбита 2018» ТҮҚК (тұрғын үй құрылыс кооперативі) Нұр-сұлтан қаласы, Алматы ауданы, Петров көшесі, 10, 10/1 мекенжайы бойынша орналасқан «Орбита» тұрғын үй кешенінің 21.12.2020 жылы пайдалануға бергені туралы хабарлайды, құрылыс салушы: «Tamyz INVEST GROUP» АҚ және/немесе «Управляющая компания Орбита» КЖШС және/немесе «ABS» ЖШС және/немесе «ABS» Holding Group ЖШС және/немесе «Tamyz Holding» ЖШС және/немесе «Тамыз» ЖШС.

Сонымен қатар, мүдделі тұлғаларды, үй тұрғындарын өз құқықтарын, мүдделерін қорғау үшін, жеке меншік құқығын дұрыс рәсімдеу үшін, құзыретті мекемелерде тіркету мақсатында осы хабарлама жарияланған күннен бастап 7 тәулік ішінде «Орбита 2018» ТҮҚК (тұрғын үй құрылыс кооперативі) – не хабарласуын өтінеміз.

«Орбита 2018» ТҮҚК Төрағасы Хасанова Л.К. Тел. +7 (775) 763 51-11

21. «КазРосГаз» ЖШС (A15G7M6, Алматы қаласы, Байзақов көшесі 280) тендер жариялайды.

Лот 1. Облигациялар сомасы 11 896 913 204 дана.

Облигацияларды арнайы қаржы компаниясы DSFK (DSFK) ЖШС шығарды. Тендерге рұқсат «КазРосГаз» ЖШС талаптарына сәйкес келетін сатып алушыларға беріледі. Сатып алушыларға қойылатын талаптар туралы ақпарат алу үшін сіз 2021 жылдың 13 қыркүйегінен Алматы уақыты бойынша 18.30 -дан кешкітрімей z.kalekenova@kazrosgas.kz электронды мекенжайына ресми хатпен жүгінуіңіз керек.

Тендерлік ұсыныстар салынған конверттерді ашу 2021 жылдың 17 қыркүйегінде Алматы уақыты бойынша 15.00 - де тендерлік комиссияның отырысында жүргізіледі.

TAPATY

10. Бұланды ауданының білім бөлімінің «Ұлтуған бастауыш мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, БСН 021140004140, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 (екі) ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: 020500, Ақмола облысы, Бұланды ауданы, Макинск қаласы, Лесная көшесі, 7.

11. «Заңғар» шығармашылық орталығы, БСН 210840009616, өзінің жойылғандығы туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы облысы, Карасай ауданы, Каскелен қ., Карасай Батыр қ., 32/27. Тел.87773335658

15. «BEREKELI BASTAU» ұйымы, БСН 190640019108, өзінің жойылғандығы туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Атырау облысы,Индер ауданы, Өрлік ауылы,Үсенов көшесі,13.Тел.87022389787

20. Назар аударыңыз! Республикалық «Заң газеті» және «Юридическая газета» басылымдарында (NN65, 17.08.2021ж) жарияланған «БАСТАУ АГРОМАРТ» ЖШС-нің, БСН 190540023043, таратылғаны туралы хабарландыру жарамсыз деп танылсын.

ҚҰЛАҚҚАҒЫС!

ХАБАРЛАНДЫРУ БЕРУДІҢ ТӨТЕ ЖОЛЫ

«ЗАҢ» Медиа-корпорациясының жарнама бөліміне хабарласыңыз немесе zanreklama@mail.ru электронды поштасына жолдаңыз.

ТЕЛЕФОН: 292 29 27, 8 708 929 9874

«GoldKapital» ЖК Нұр-Сұлтан қаласы Абай көшесі,78,105-кеңсе.Тел.: 8 (7172) 52-02-11

ЖК «TRade and service», Алматы қ.,ш/а Жетісу-3,55/133.

ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі,78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.

«Грация» ЖШС, Атырау қаласы, Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

«ОрСлужба» ЖШС, Көкшетау қ., Е. Әуелбеков көшесі,129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17,8(747)8097074.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ.,Естай көшесі, 8. Тел.: 8 (7182) 32-47-67,32-49-04

«Айди» ЖШС, Қарағанды қ.,Жамбыл көшесі,11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.

Қалиасқаров Нұрлан Нұрғисынулы ЖК, Петропавл қ.,К.Сүтішов көшесі,58,30-бөлме,3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57,ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59.

ЖК «Бакирова Г.», Шымкент қ.,Желтоқсан көшесі,18. Әділет Департаментінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.

Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ.,Гоголь көшесі,110,ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы), Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211,8-7053506918.

«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ.,Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05,ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

ЖК «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779,е-mail:zan-at@mail.ru.

«Назар-1 фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА),директоры Кривилова Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Ильяев көшесі,47 (Шаймерденов қ. бұрышы) RBK банктің жанында.Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp : +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ.,Л.Толстой көшесі,28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

«Реклама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы,182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

ЖК «Сагидоллина Б.», 1 Теміржол вокзалы, Р.Зорге көшесі 8,«Лина» шаштаразы. argawka_94@mail.ru,Тел: 87058762218.

«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ.,ш/а, Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66, 87058417221.

ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ.,пр. әл-Фараби 119-үй,407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.

«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н.Қызыл-орда қ., Әйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел: 8 (777)402-28-28; 8 (700) 332-24-78

ЖК Тажибаева, Тараз қаласы, Қойкелді көшесі 158 а, ХҚО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.

ЖК Новоселова Лилия, Петропавл қаласы,Қазақстан Конституциясы көшесі,28-үй,1-қабат. Тел.: (87152) 46-74-77,8-777-228-64-13.

ЖК «Reklam Service», Тараз қаласы,Төле би көшесі,73 (ауладан кіру). Тел.: 8(7262)502222,ұялы тел: 87019457336 Татьяна.

ЖК «Выдай», Өскемен қаласы,60. Тел.: 8(7232) 578414, ұялы тел.: 87772256506.

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы
Тел.: 8(727) 292-29-27,
292-40-89,
факс:
8 (747) 428-26-10

E-mail:
zanreklama@mail.ru
zanreklama.kz

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

«Sokrat-PV» Юридическое агенство» ЖШС, Павлодар қаласы,Крупская көшесі,61,кеңсе 23. Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).

«KAIOOS» ЖК, Алматы қаласы,Жібек жолы даңғылы,55,Пушкин көшесімен қиылысы,«Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kaldubayeva@mail.ru. Барлық хабарландыруды What's app бойынша қабылдаймыз.

ЖК «Қандыбаева», Газеттерге, журналдарға және сайттарға хабарландыру қабылдау агенттігі: 8(727)327 30 92, тел/факс: 273 47 98, 8 707 895 21 99,8 701 739 27 83,8 705 185 75 73 www.gazetyisaity.kz,e-mail: vsegazety@mail.ru Алматы қ., Абылай хан даң., 60, Мақтаев көш. қиылысы,208 кеңсе.

Арлан-консалтинг ЖШС, Семей қ., К.Мұхаметханов көшесі,23 «А»,104-бөлме. Тел.: 8 (705) 798-58-18,8(708)4672701

БАЙҚАУҒА!

Бала – бауыр етің. Қылығы тәтті, тілі балдай баланы еркіне жіберсең есіртіп, екпінін бассан ез ететінді әрдайым жадында ұстауың керек. Бұған әр сот процесін өткізген сайын көз жеткізіп келеді. Қанатбек Досайұлының Түркістан облысының кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотына төраға болып тағайындалғанына міне төрт жылдың жүзі болған екен. Осы аралықта байқағаны заң шеңберінен шығатындардың көбі «тек» дегенді білмей өскендер. Жалғыз ұлымыз деп бұлақтатқан баланың да бетімен кететін кезі көп. Ал соңғы жылдары толық емес отбасында әке тәрбиесін көрмеген балалардан түрлі басбұзарлық шығып жатыр. Осындайда «Отыз мектеп жабылып бір



Түпсіз тұңғиық

ӨМІРДЕРЕК

әкенің тәлімін бере алмайды» деген даналық еріксіз еске оралады.

ЕРЕГІС

Сот мәжіліс залына беттеген Қанатбек Қоңырбаев бүгін ісі қаралатын жасөспірімнің іс-әрекетін түсінбей дал. Ата-анасы өте зиялы, ауыл-аймағына сыйлы жандар. Айыпты орындығында отырған Құрал сол үлгілі отбасында өскен көп баланың бірі. Жанұядағы жылу мен махаббатты тең көріп ер жеткен баланың теріс жолға түсуіне не себеп?

Құрал Лепесов (аты-жөні өзгертілді) оқыс оқиға орын алған кезде Шымкенттегі М.Әуезов атындағы университетте білім алып жатқан еді. Болашағын біліммен байланыстырған баланың ортасы да жақсы. Ал сол күні... Сабырлы баланы не түрткені белгісіз.

Сол күні достары Асқар мен Ермекті үйіне жинаған Құрал жана сойылған мал етін мүшелеп отырған. Анасының айтуы бойынша әр жілікті бөлек жинап, сүрп еттерді тілшелей бастаған жігіттер шыр ете қалған телефон қоңырауына елендеп құлақ түрді. Хабарласқан Құралдың танысы Дамир болып шықты. Басында екеуі хал сұрасып, әп-әдемі сөйлесіп тұрған. Артынша Құрал шақ ете қалды да, Дамирмен телефонда тәжікелесіп кетті.

– Сен немене дікіндейсің? Маған бұйрық беретін сен кімсің а? – деген Құрал ашуға мінген. Екі дос ар жақтан ышқына жетіп жатқан дауыстан Дамирдің де телефоннан шығып кетейін деп тұрғанын сезді.

– Қойсаншы болды. Ата-анаң естіп қалар, – деп сабырға шақырмақ болған Ермектің сөзін Құрал елең қылмады. Телефонның құлағына қыстырып алып бөлмені басына көтеріп айқайлап жүр. Ақыры ерегіскен екеу: «Кешке кел, жігіт болсаң сол кезде айт айтарынды» деп барып әрең басылды.

Содан бастап Құралдан дегбір кетті. Бар ашуын үстелдегі еттен алған бозбала асхана пышағын жалаңдатып қояр емес. Екі досы тіпті мынау қолын жаралап алмас па екен деп алаңдаған. Тездетіп өздеріне жүктелген шаруаны бітіреміз дегенше күн батып, қас қарайған. Үш жігіт ананы-мынаны әңгімелеп, сыртқа беттегенде Дамирдің «Құрал, шық бері!» деген өктем дауысы ап-анық естілді. Бағанағы егесті енді ұмыта бастаған үшеуі дегбірісідене далаға шықты.

ЫЗА

Қараса Дамир тұр. Бөтен адамның ауласында тұрмын деген ой қаперіне кірсеіші. Аяғын алшан-алшаң басып тура қақпаның алдынан бір-ақ шығыпты. Жақындағанда бір-ақ байқады. Мұны батыл етіп тұрған асқазанына түскен 40 градусық арақ секілді. Көзі алайып, жұдырығы жұмылған Дамир ә дегеннен Құралға сөз бермеді.

– Телефонда батырсың, ал көрсет-



Шығармаға өзек болған қылмыстық істі Түрістан облысының кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының төрағасы Қанатбек Қоңырбаев қараған. Қанатбек Досайұлы Оңтүстік Қазақстан облысы Бөген ауданының тумасы. Алматы қаласындағы Қазақ Мемлекеттік университетін заңгер мамандығы бойынша тәмамдаған ол әр жылдары прокуратура, әділет саласында жемісті еңбек еткен. Сот саласындағы жұмысы 1997 жылдан басталады. Осы жылы Оңтүстік Қазақстан облыстық сотының судьясы болған Қанатбек Досайұлы кейіннен Отырар аудандық сотының төрағасы, Қазығұрт аудандық сотының төрағасы қызметтерін атқарған. 2017 жылдың 14 маусымынан бері Түрістан облысы кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотында төраға лауазымын атқаруда.

сеңші неге шаманның келетінін, – деген ол алдымен шатаққа өзі сұранды.

Құрал да күмілжіп қалған жоқ. Достарына сенгені ме, әлде бағанадан жиналған ашу-ызаның әсері ме Дамирге тап-тап берді. Терісіне сыймай тұрған жігіт екі досының алдында үндемей, бұқпантайлап қалмайтыны белгілі. Екіленген ол Дамирдің жалғыз өзі именбей үйіне іздеп келгеніне тіпті ашуланды. «Өзіңше менсінбегені, мені басынганы ғой!» деген ой басына келген сайын жүрегіне кек шемен болып қата түсті. Ал мұның жұдырығы түйіліп, тіл қатпай тұрғанын Дамир қорыққаны деп түсінсе керек. Әлде іштегі заһардың әсерінен бе, бет қаратар емес. Тіпті ақылға шақырмақ болған Ермекті кеудесінен итеріп қалып, оңбай құлатты. Осы сәтте Құрал жасырып тұрған асхана пышағын жарқ еткізіп қалтасынан шығарған...

... Дамир итеріп жібергенде денемді игере алмай жалп ете қалдым. Мұндай қадам күтпеген едім. Үйелеп отыра кеттім. Орнымнан тұра бергенімде Құралдың қолындағы жарқыраған пышақты көзім шалды. Бағанадан бері өзіміз ет жаймалаған кәдімгі асхана пышағы. Қайтер екен деп ойлап та үлгергем жоқ, пышақтың кірш еткен дауысы түнді тіліп өткендей болды. Артынша Дамир де кескен томардай тізерлеп отыра кетті, – деді сот отырысында куәгер ретінде сұралған Ермек Жұбаниязов.

КӨМЕК

Дамирдің жүректі, мықты екенін Құрал бұрыннан білетін. Қанша айтқанмен бір ортада өсті. Осы бір шатақтау, жігітпен кейде сөзге келмей қалатын кездері де көп еді. Бірақ, әйтеуір тез табысып, тез достасу әдеттері. Ал бүгінгі қылығын тіпті түсіну қиын. Құралдың жанында екі досының бар екенін біле тұрып үйге арнайы іздеп келгені қалай? Мұнысы әпенделік пе, әлде өзінше сынаған түрі ме? Бағанағы телефондағы қылығы да тым ерсі. Дамирдің мақсаты не сонда?

Аз ғана уақытта шырмауық ойлар құрсауында қалған жігіт өзін барынша сабырлы ұстауға тырысқан. Бірақ арақтың буымен арындаған Дамир

бұларға дес берер емес. Жапырып, жайпап барады. Әуелі жанында тыныш тұрған, сабырға шақырған Ермекті жалп еткізіп, қалпақтай ұшырды. Сонысына маз болған Дамир енді Құралдың өзін біраз қыспаққа алып, тәубесіне түсірмек еді. Біресе иығынан қағып, енді бірде кеудесінен нұқып тентектің танытып әлек. Қарсыласы бірдене десе ондырмайтын түрі бар. Басында шыдап баққанымен, қалтасын қыздырған пышақ Құралды шайтанша азғырып, сыртқа сұранып тұрғандай әсер қалдырды. Онысыз да өзін барынша сабырлы ұстағысы келген жігітті енді ұстап тұратын ештеңе жоқтай. Еліріп келе жатқан Дамирді тоқтатпақ болған ол қолындағы пышақты қарсыласының дәл кіндік тұсына қалай сұғып алғанын сезбей де қалды. Пышақты бар күшімен Дамирдің ішіне бағыттағанын біледі, қалғаны бұлдыр. Ермек пен Асқардың жанұшырып мұны ұстап, Дамирді шыр айналып жүргендері емес-еміс есінде. Артынша жедел жәрдем жетті, оның артынан бұлардың қолына кісен салған полиция қызметкерлері жағдайды нақтылау үшін үшеуін де Ішкі істер департаментіне жеткізген болатын. Енді міне, сот алдында жауап беретін күн де туды.

ӨКІНІШ

Қайта кәмелет жасқа толмағаны ескеріліп сотқа дейін ұйқамақта отырды. Ал темір торда отырса қайтер еді? Жасөспірім болған соң полиция қызметкерлері де тым қыспаққа ала қойған жоқ. Оның үстіне, екі досын куәгер еткен мұның қылмысты бірден мойындағанын да сақшылар ескерсе керек. Әрі кәмелетке толмағандарды заңды өкілдің қатысуынсыз сұраққа алуға болмайтыны да құзырлы орындағылар қаперден шығармады.

Алайда, көңілі алай-дүлей. Ашумен, сабырсыздықпен шалт қимылдаған Құрал ауруханаға жеткізілген Дамирдің тілеуін шын тілеумен болды. Қанша дегенмен көзі ашық. Егер қарсыласы көз жұматын болса, өмірінің тозаққа айналарын жасы түсініп тұр. Абырой болған да Дамир аман екен. Бірден жасалған

ШЫТЫРМАН

БАЙҚАУҒА ҚАТЫСЫҢЫЗ!

Әр байқаудың мақсаты, межесі бар. Қазіргі ырқалып жүрген патриоттық әннің, алдаспан жырдың, көркем шығарманың біразы сол байқауларда дүниеге келген.

Байқау – ой қозғаушы, шабытты қамшылаушы. Сондықтан мұндай шығармашылық додаларды өткізіп, сынақты түрлендіріп, жсандандырып отырудың маңызы зор. Биылғы детектив шығармалар байқауының да шартына біраз өзгеріс енгізуіміздің себебі осы.

Тәуелсіздіктің 30 жылдығына тұспа-тұс келген байқау жүлдегерлерін бұл жолы қасиетті Түркістанда анықтамақпыз. Әрі биылғы додаға Түркістан облыстық соты қолдау көрсетіп отыр. Соған орай түркістандық судьялардың еңбегін шығармаларға өзек етсек, деректі детективті дамытуға қадам жасасақ дегенбіз. Байқаудың өн бойына қан жүгіртсек әрі осы өңірдің шытырман шығарма шеберлерін ынталандырсақ деген де ойымыз болды.

Мұндай қадамға баруымыздың тағы бір себебі:

Біріншіден, кейбір үміткерлер бұрын жазған дүниелерін қайталап жібереді. Тіпті, биыл жүлде алмаған шығармасын келесі жылы бәйгеге қайта қосқандар да болды.

Екіншіден, қырық жыл бұрын жазған кітабынан үзінді ұсынғандары да көрдік.

Үшіншіден, біреудің шығармасын сәл өзгертіп жолдағандар да бар.

Ал мына шарт – байқауға жаңа туындылар жаздыруға талпырмас мүмкіндік. Әрі ол үшін арнайы жүлде де қарастырылған. Сондықтан, қаламдарыңызды сайлап, шабыттарыңызды шақыра беріңіздер!

Ескерте кетейік, БҰЛ БАСҚА ШЫҒАРМАЛАР БАЙҚАУҒА ҚАБЫЛДАНБАЙДЫ ДЕГЕН СӨЗ ЕМЕС!!

Біздің байқау үшін жазылған, ең мықты, ең шебер, ең көркем шығарма иесі – ЖҮЛДЕГЕР болады!

Шығармаларыңызды «Байқауға!» деген белгімен zangazet@mail.ru поштасына жолдаңыздар.



отадан кейін сақайып, аяғынан тұрып кеткенін білді. Дамир өмір мен өлімнің арасында жатқанда бұдан да, мұның ата-анасынан да не жан қалды дейсіз. Күні-түні тілеу тілеген жақындарының ұйқысыз-күлкісіз жүрген сәттерін ойласа Құрал жерге кірердей қысылады.

Мұның болашағына алаңдаған ата-анасы Дамирдің тезірек жазылып кетуін сұрап аурухана мен жәбірленуші тараптың үйінің ортасында дәрі-дәрмек, ас-ауқат тасып сабылып жүр. Сол оқиғадан кейін анасы байғұстың көз жасы бір құрғамады-ау. Не бұған батып қатты ұрса алмайды. Онсыз да мысы басылып, төменшіктеп қалған ұлы бірдеңеге арандап қала ма деп қорқатын шығар. Ал Құралдың анасына қарайтын беті жоқ. Бұл осындай ойсыз әрекет жасамаса, анасы өзге біреудің есігіне барып, еңкейіп кешірім сұрамас еді ғой. Ешкімге кеудесін бастырмайтын әкесі де аурухана мен полицияның есігіне телміріп есеңгіреп бітті. Сондағысы – жана өмір бастап, бірінші курсты енді бітірген балаларын қатаң жазадан аман алып қалу, түрменің дәмін татқызыбау. Сырт көзге сыр білдірмегенмен, әке-шешесінің ұнжырғасы түсіп, көңілі бәсеңсіп қалған.

Шіркін-ай... Сол күн қайта келгенде ғой. Онда төбелеске сұранып тұрған танысын алдап-сулап үйіне қайтарып жіберер еді. Болмаса, Дамирдің айғайын естігеннен есікті тарс жауып жатып қалғанда мына әуренің бірі де болмас еді. Енді бәрі кеш... Туыстарының жүгіріп, жанталасы жүргеніне қарай Дамирдің ата-анасы кешірім беріп, қатаң жазадан құтқарып қалса жақсы. Ал, кешірім бермесе ше? Онда өзінің, ата-анасының тағдыры не болмақ? Мұның түрмеге түскенін көрген анасы қандай күй кешпек?

ТӨРЕЛІК

Қанатбек Досайұлы бірінен кейін бірі келіп жауап беріп жатқан жасөспірімдерге сынай көз тастады. Осылардың барлығы тәуелсіздік кезінде, бейбіт елде, баршылықта дүниеге келіп, ер жеткен балалар. Барлығы да жоқшылықтың не екенін білмей өскен. Содан болар, сот залында тұрса да еркін, ашық. Қалай болғанда да ата-анасы далада қалдырмайтынына, қол ұшын беретініне сенімді. Кәмелетке толмаған ұлдары үшін ата-аналарының қандай күйде отырғанын судья да жүрегімен сезіп, біліп отыр. Өйткені өзінің де үлгілдетіп өсіріп отырған ұл-қызы бар. Олар үшін мұның да ешбір қиындықтан бас тартпайтыны, кез келген тәуекелге баратыны анық. Бірақ, дұрысы баланы теріс жолға түспейтіндей тәрбиелеу керек. Әр істен кейін ұл-қызына тұспалдап отырып ненің дұрыс, ненің зиян екенін айтып, жұмысының қауырттығына қарамастан тәрбиеге

көңіл бөлетіні де сондықтан. Қоғамның өзі судьяның ғана емес, судьяның баласының да қателігін сынауға, талқыға салуға құштар емес пе? Осыны ұл-қызының санасына жеткізсем дейді.

Мына балалардың ата-анасы да баласы жаман болсын, қылмыс жасасын деп тәрбиелемегені анық. Бірақ, кейде ұл-қызыңның араласатын ортасына, достарының кім екеніне көңіл бөлмеудің зардабы басым. Мына іс сол ұл өсіріп отырған жанұядағы кезекті қателіктің көрінісі.

ҮКІМ

Сот үкім оқуға келгенде екі тарап та сілтідей тына қалған. Жәбірленуші кешірімін беріп, материалдық, моральдық тұрғыдан келген залалдың толық өтелгенін айтса, кінәлі жігіт өз қатесін мойындап, жасаған әрекетіне өкінетінін, енді мұндай заңсыздыққа бармайтынын алға тартты. Әрине, кәмелетке толмаған баланы темір қапасқа қамап, қатаң жаза тағайындаудың зардабы болмай қалмайды. Өйткені түрме сотталғанның бәрін түзей бермейді. Керісінше, түзеу мекемесінде сынып кетіп, өмірін бүлдіргендер қаншама? Жаза белгілегенде мұны да ескерген жөн.

Одан бөлек, Құрал Лепесовке достары да, білім алып жатқан ордасы да жақсы мінездеме беріпті. Жәбірленуші жақ та кешірім жасап, бостандығынан айырумен байланысты жаза тағайындамауды сұрап отыр. Дегенмен, қылмыстың өтеуі – жаза.

Кенесу бөлмесінен шыққан судьяның үкімін екі жақ та асыға күткен.

– Құрал Лепесовке Қылмыстық кодекстің 106-бабының 2-бөлігі 11- тармағында көзделген қылмыстық құқықбұзышылықты жасағаны үшін кінәлі деп танып, оған 6 жыл мерзімге бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалсын! – деп сот төрағасы бір тоқтағанда Құралдың көзі шарасынан шығып кете жаздады. «Бітті ғой, анам қиналатын болды-ау» деді іштей. Осы сәтте төраға қолындағы қағазға қайта үңілді.

– Қылмыстық кодекстің 63-бабын қолданып Құрал Лепесовке тағайындалған жазаны шартты деп санап, 1 жыл мерзімге пробациялық бақылау белгіленсін! – дегенде барып екі жақтың да иығынан ауыр жүк түскендей болды.

Кеше ғана араздасып, бір-бірін көрместей болған екі тараптың сот үкімін ести салып қол соққанына төраға танданыспен қарады. Тордан шыққан жасөспірімді құшақтап, бірінен кейін бірі құттықтап жатыр. Арасында Дамир де бар. Соттасқан қос тараптың татуласып тарқасқанына төраға да риза болды. Адамның адамдығы осы кеңдігінде ғой.

Алмаз ӘСЕНҒАЗЫ

ЗАҢ газеті

Редакторлар кеңесінің төрағасы – директор
Жанахмет АҒЫБАЕВ

Бас редактор **Айнұр СЕМБАЕВА**
Бас редактордың орынбасары **Шолпан ҚАРАЕВА**

Немірдің кезекші редакторы **Ерлік КЕБЕКБАЙ**

Меншік иесі:
«ЗАҢ» МЕДИА-КОРПОРАЦИЯ»
ЖАУАПҚЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

Нұр-Сұлтан Айша Құрманғали
8 707 851 91 13.
Алматы облысы Нұрбол Әлдібаев
8 701 357 66 84.
Ақтөбе облысы Жансая Есмағанбетова
8 705 398 62 83.
Жамбыл облысы Арсен Саттаров
8 705 808 14 31.
Маңғыстау облысы Жазира Әбіл
8 702 514 54 44.
Қызылорда облысы Гүлбану Мақажан
8 701 697 39 86.
Түркістан облысы Сабырбек Олжабай
8 701 385 72 75.
Шадыяр Мекенбайұлы
87757335665

Шығыс Қазақстан облысы Талғатжан Мұхамедиев
8 747 746 49 82.

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Алматы қаласы,
Х.Досмұхамедұлы көшесі
68 «б»-үй,
Қабылдау бөлмесі:
292-43-43; 292-79-61

E-mail: zanreklamaastana@mail.ru

«Заң газеті» аптасына 2 рет –
сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.
Жеке таралым 8019 дана
Апталық таралым 16 038 дана

Тапсырыс №119 Индекс 65921

Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады

Газетіміздің электронды нұсқасын Zanmedia.kz сайтынан оқи аласыздар.

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты талап-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.

Газетті есепке қою туралы **№16297-К** куәлікті **2017 жылғы 12 қаңтар**да Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.

Газеттің терімі мен бет қаттау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б». «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс. 8 (727) 51-78-27, 8 (727) 51-78-31